БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№12—13(9330—9331 | 1954 жылғы 17 январь Жексенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Ертең—Украинаның Россияға қайта қосылуының 300 жылдық мерекесі. Совет Одағы халықтарының мызғымас достығы жасасын!

Совет халықтарының мызғымас достығы

Ертең Украинаның Россиямен қайта қосылғанына 300 жыл толады. Бұдан үш ғасыр бұрын Переяслав Радасы Украинаның Россиямен қайта қосылуын жариялады. Украинаның Россиямен қайта қосылуы тұлсқан екі халықтың —орыс және украин халықтарының бұдан бұрынғы тарихи дамуының заңды нәтижесі, украин халқының шетелдік құлданушыларға қарсы, біртұтас орыс мемлекетіне бірігуі жолында ғасырлар бойы жүргізген күресінің анықталуы болды. Бұл даңқты оқиғаға украин және орыс халықтарының ғана емес, сонымен қатар, ССРО-ның барлық халықтарының, соның ішінде қазақ халқының ұлттық мерекесі болып табылады.

Өйткені, ССРО -ның еркін және теңқаралы халықтары лениндік- сталиндік ұлт саясатының туы астында, Коммунистік партияның ұлы қамқорлығына бөленіп, буржуазиялық ұлтшылдықтың көріністеріне қарсы мейірімсіз күрес жүргізу, советтік патриотизм және пролетарлық интернационализм рухында тәрбиеленіп келеді. Ұлы орыс халқының туысқандық көмегі, Коммунистік партияның басшылығы арқасында украин халқы еліміздің басқа да халықтары ішкі және сыртқы жауларға қарсы қыйын күресте өздерінің бостандығы мен тәуелсіздігін табандылықпен қорғап, коммунистік қоғамның биік шыңына қарай сеніммен алға басуда. Міне, сондықтан да бұл бүкілхалықтық мереке күндерінде барлық совет адамдары Украинаның Россиямен қайта қосылуының тарихи зор маңызын атап көрсетіп, ССРО халықтарының мызғымас достығының мәңгі жасап, нығая беруін тілек етеді.

Орыс, украин және белорусс халықтарының мызғымас достығының тарихи тереңтамырлары бар. Бұл достықтың түбірі тілі жөнінен де, мекені жөнінен де, мінез-құлқы жөнінен де, тарихы жөнінен де бір-біріне соншалық жақын украин және орыс халықтарының біртұтас Ресия мемлекетіне бірігу жолындағы ғасырлар бойғы күресінен басталады. Украин халқы өзінің ағасы орыс халқының көмегіне сүйене отырып, шетелдік құлдықтың тепкісіне қарсы, түрік- татар көшпелі тобырларының агрессиялық шабуылдарына және поляк шляхтасының езгісіне қарсы қажырлы күрес жүргізді. Сөйтіп, орыс, украин, белорусс халықтарының қуаттылығының негізіне айналды.

Совет өкметі жылдарында бүкіл еліміздің халықтарымен бірге украин халқы Коммунистік партия көрсетіп берген жолмен Отанымыздың онан әрі гүлдене беруі үшін қажырлылықпен еңбек етуде. Азамат соғысы жылдарында, мұнан кейін Отан соғысы жылдарында барлық совет халқымен бірге украин халқы еліміздің тәуелсіздігі мен бостандығын сақтап қалу жолындағы күресте батырлық пен қаһармандықтың өнегесін көрсетті. Отан соғысы совет халқының мызғымас достығының алып күшін көрсетті.

Еліміздің барлық халықтары Ұлы Отан соғысы жылдарында Советтік Украинаның қасиетті жерін кеудесін төсеп қорғап, неміс- фашист басқыншыларынан тазартты.

Соғыстан кейінгі жылдарда Советтік Отанымыздың экономикасы мен мәдениеті күлаш сермеп өсуде. Коммунистік партияның басшылығымен совет халқы соғыс зардабынан зиян шеккен экономиканы, қала мен селоларды қалпына келтіріп қана қойған жоқ, халық шаруашылығы мен мәдениет саласында орасан зор тарихи табыстарға ие болды. Барлық туысқан республикаларда қуатты индустрияның базасы жасалды, осының негізінде халық шаруашылығының барлық саласы бірдей өркендеп, совет адамдарының материалдық және мәдени қажетін барынша толық қанағаттандыру міндеті жүзеге асырылуда. Мұны Украин республикасының өмірінен айқын көруге болады. Ол соғыстан кейінгі жылдарда халық шаруашылығын қалпына келтіріп, республиканың экономикасы мен мәдениетін өркендетуде жаңа табыстарға ие болды. Украинаның ірі өнеркәсіп орындары 1952 жылы соғысқа дейінгі уақыттан өнімді 17 есе көп берді. Электр қуатын өндіру —37 есе, металл өңдейтін кәсіпорындары өнімді 39 есе, көмір өндіру —4 есе, болат балқыту — 5 есе өсті.

Украинаның ауыл шаруашылығы да күшті қарқынмен өркендеуде. Кәзір Украинаның колхоздары мен совхоздарының егіс далаларында 182 мың трактор, 51 мың комбайн және оңдаған мың ауылшаруашылық машиналары жұмыс істейді. Украинаның ауыл шаруашылығы еңбекшілері дәнді дақылдардан, қант қызылшасынан мол өнім, ауылшаруашылығын кәсіпшілерінің ең маңызды міндеттерінің бірі болып саналады. Алайда, бұл жөнінде Ворошилов атындағы МТС-тің басшылары бұл колхозға мардымды көмек көрсетпей келеді. Дайындалған мал азығын қоралар қасына тасу жөнінде колхозбен жасасқан жұмыс шартын орындамайды. Бұл колхозда МТС-тің 7 тракторы бар. Бірақ, солардың бірде-бірі техникалық жағынан жарамсыз болғандықтан мал азығын тасуға пайдаланылмайды.

Киров атындағы колхозда мал азығын турайтын машина бар. Бұл машинаның пышағы болмағандықтан жұмысқа пайдаланылмайды. Осы себепті малға азықты турап, нәрлендіріп бермей отыр. Бұл жөнінде МТС-тің механигі Янцен жолдас ешбір көмек көрсетпейді.

МТС басшылары мал шаруашылығын өркендету ісіне мән бермеушілік сияқты зиянды әдетті жоюға тиіс.

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өткізу туралы ССРО Жоғарғы Совет Президиумының Указы колхоз мал өсірушілерін жаңа табыстарға жігерлендіре түсті. Бұл заңды да. Өйткені, бүкілхалықтық мереке болатын сайлау күнін еңбектегі үздік табыстарымен қарсы алу — біздің совет адамдарының дәстүрлі ісі.

Киров атындағы ауылшаруашылық артелінің малшылары да ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын зор өндірістік табыстармен қарсы алу жолында социалистік жарысты өрістете түсуде. Олар сайлау құрметіне алған өздерінің міндеттемелерінде мал қыстату маусымын және тәлалуды үлгілі өткізіп, қоғамдық мал басының өсуіне, оның өнімділігінің артуына жетісуді қамтамасыз етуге міндеттенген болатын. Колхоз малшыларының қажырлы еңбегі олардың бұл міндеттемені аброймен орындап шығатындықтарына толық кепіл.

Қ. НҰРМАНОВ,
Ворошилов атындағы МТС-тің участоктік зоотехнигі.

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы

Украин халқының аса көрнекті мемлекет қайраткері және қолбасшысы

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіне

☆ ☆

Мал қыстатуды тыңғылықты өткіземіз

Октябрь ауданындағы Киров атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері қоғамдық мал шаруашылығын алып адыммен өркендету үшін мал қыстату маусымын барлық жағынан тыңғылықты өткізуге міндеттенген болатын. Колхозшылар алғашқы күннен бастап, қоғамдық малды күту, азықтандыру және суару жұмыстарын зоотехникалық -малдәрігерлік ережелерге сай жүргізуде.

Колхоз басқармасы қысқы күндерде сауын сыйырлардың сүттілігін арттыру мақсатымен 120 сауын сыйырды ерекше күтімге қойды. Бұл сыйырлардың әркайсысына күн сайын 9 килограмм қызылша, 2 килограмм жем және 14 килограмм көк шөп беріледі. Осының нәтижесінде өткен жылға қарағанда, сауын сыйырлардан алынған сүттің мөлшері быйылғы қыста едәуір көбейіп отыр.

Осы сияқты, жылқы, қой фермаларында да қысқы маусым асқан ұйымшылдықпен өтуде. Мал күтуде, әсресе, сауыншы А. Меңлер ерекше көзге түсуде. Ол қарамағындағы 15 сыйырдан 15 бұзау алып, оларды түгел шығынсыз өсіруде. Ал, сауыншы Р. Луя жолдас та кәзірдің өзінде 5 сыйырдан 5 бұзау алып, шығынсыз өсіріп келеді.

Колхоз жылқышылары М. Молдағұлов және Ж. Кәкеев жолдастар колхозшылардың зор құрметіне бөленген. Олар жыл сайын жылқы өсіру жөніндегі мемлекеттік жоспарды артығымен орындап, бірдебір жылқының шығын болмауына жетісті.

Колхозшылардың осындай қажырлы еңбегі мал шығынының болмауын, малдың құнарлы азықпен қамтамасыз етілуіне жағдай туғызды. Кәзір көк шөптен басқа 3600 центнер қызылша, 2820 центнер сүрленген азық және 2400 центнер жем бар. Бұлардың барлығы белгіленген жоспар бойынша, есеппен жұмсалады. Осының нәтижесінде мал азығының орынсыз жұмсалу фактісі кездескен жоқ.

Колхозда мал шаруашылығының өркендей түсуіне МТС нақтылы көмек көрсетуі керек еді. Әсресе, еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру —МТС бас-

Сауын сыйырлардан сүт мол алынуда

рының туысқандық достығы халықтың түрлі түсті жауларына қарсы күрес үстінде өсіп, нығая берді.

XIX ғасырдың аяғында Россияда капитализмнің дамуы, оның көрін қазушы күш — пролетариаттың сана -сезімінің оянуы, жұмысшы табының басшылығы мекемгер Ленинніңкелуі халықтар достығының өсіп, нығая беруінің жаңа кезеңі болды. Коммунистік партияның негізін қалаған В. И. Ленин партияның идеялық-ұйымдық, тактикалық және теориялық негіздерін белгілеп берумен бірге, марксшілдік партия құрудың интернационалдық принциптерін қорғады. Кемеңгер көсеміміз В. И. Ленин және оның ісін алға апарушы данышпан И. В. Сталин ұлт саясатының тамаша үлгісін жасап берді.

Коммунистік партия өзінің құрылған күнінен бастап езілген халықтардың мүдделеріне сай келетін маңызды талаптарды, ұлттардың өзін- өзі билеу правосын, тану талабын қойып, еліміздің барлық халықтарының пролетарлық интернационализм және халықтар достығы идеологиясы рухында тәрбиеледі және тәрбиелеп келеді.

1917 жылы октябрьде Коммунистік партияның басшылығымен орыс пролетариаты шаруалармен тығыз одақ жасай отырып, Ұлы Октябрь революциясын жасады. Сөйтіп, жұмысшылар мен шаруалардың социалистік мемлекетін орнатты.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі елімізде адамды адамның қанаушылығын жойып, социалистік ұлттардың қалыптасып өсуіне және олардың туысқандық семьяда жаңа қоғам — социалистік қоғам орнату үшін қажырлы еңбек етуіне толық мүмкіндік жасады. Партиямыздың данышпан көсемдері Ленин мен Сталиннің ұлт мәселесі жөнінде жасап берген программасы жүзеге асырылды. Ұлттардың тең праволылығы мен халықтар достығы социалистік мемлекетіміздің негізгі заңы болып табылады.

Туыскан украиндықтар барлық совет халқы сияқты, бесінші бесжылдықтың жоспарларын, ауыл шаруашылығын одан әрі өркендетудің партия мен үкмет жасап берген программасын, халықты азықтүлік және өнеркәсіп тауарларымен барынша толық қамтамасыз ету міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыру жолында күресуде.

Кәзір еліміздің барлық жерлерінде, өнеркәсіп орындары мен мекемелерде колхоздар мен совхоздарда және басқа мекемелерде Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы туралы әңгімелер, баяндамалар, лекциялар ұйымдастырылуда.

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына арналған бұқаралық -саяси жұмыстар қысқа уақыттық емес, үстіміздегі жылдың май айына дейін жүргізіледі. 1954 жылғы майда РСФСР Жоғарғы Советінің Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына арналған, сондай-ақ Украин ССР Жоғарғы Советінің мерекелік сессиялары өткізіледі. Сонымен қатар, май айында еліміздің барлық жерлерінде —кәсіпорындарында, колхоздарда, совхоздарда, МТС-терде, оқу орындарында Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына арналған мерекелік мәжілістер өтуге тиіс.

ССРО халықтарының бұл ұлттық ұлы мерекесіне облыс еңбекшілері бүкіл совет халқы сияқты Коммунистік қоғам орнату жолындағы күресте жаңа табыстармен келеді.

Советтік мемлекеттің негіздерінің негізі —совет халқының мызғымас достығы жасасын!

Маркстің — Энгельстің —Ленинніңі— Сталиннің туы астында, Коммунистік партияның бастауымен коммунизмнің жеңістеріне қарай алға баса берейік!

Украинаның Россияға қайта қосылуының 300 жылдығына

ТОМСК, 15 январь. (СОТА). Бүкіл совет халқымен бірге Томск еңбекшілері Украинаның Россияға қайта қосылуының 300 жылдығын атап өтуде. Кәсіпорындарда, жоғары дәрежелі оқу орындарында, орта дәрежелі мектептерде, жұмысшылар клубтарында және оқу залдарында ССРО халықтарының достығы туралы лекциялар оқылып, баяндамалар жасалынуда. Подшипник заводының, политехникалық және медицина институттарының, университеттің және қаладағы басқа жоғары дәрежелі оқу орындарының музыкалық лекторийлерінде украин халқының музыкалық мәдениеті туралы лекциялар оқылып, украин музыкасынан концерттер берілуде.

Қаланың кітапханаларында украин әдебиетінің көрмесі ұйымдастырылды. Томск университетінің ғылми кітапханасы залдарының бірінде үлкен кітап көрмесі ашылды. Кітапхананың кітаптар сақтайтын бөлмелерінде украин халқының тарихы жөнінде бағалы документтер, украин әдебиетінің орыс тілінде басылған шығармалары бар. Олардың көпшілігі көрмеге қойылған.

Москва және Украина металлургтерінің достығы

Астаналық «Серп и молот» заводы мен Украина кәсіпорындарының металлургтері арасындағы еңбек достығы жылдан- жылға нығайып келеді. Днепропетровскийден, Сталиндан және басқа қалалардан келген инженер-техник қызметкерлерді Москва заводтарының цехтарынан жиі-жиі көруге болады.

Тауда Москвадағы болат қорытушы В. Михайловқа Днепродзержинскийдің болат қорытушысы А. Евдокимовтан хат келді, бұл хатында ол өзара социалистік жарысқа түсуді ұсынған. Евдокимов жолдас Дзержинский атындағы заводтың өндіріс озаттарының бірі. Өткен жылы ол жоспардан тыс 3 мың тоннадан аса болат қорытты. пештің әрбір шаршы метрінен металл алуды жарты тонна арттырды, металдың 60 процентін шапшаң әдіспен балқытты. (СОТА).

Богдан Хмельницкиге орнатылған ескерткіш.

(СОТА-ның фотохроникасы).

УКРАИНА

—Сүйеміз Украина сәулетті елін,
Жайнаған бау-бақшалы оның жерін.
Өзенін Днепрдей толқын аққан,
Өлкесін, орман, тоғай асқар белін.

Сүйеміз оның халқын жүзі жарқын,
Тараған ғасырларға ерлік даңқын,—
Дейтұғын ежелден-ақ қазақ халқы,
Өзіне үлгі етіп өмір салғын.

Сүйікті Компартия алға бастап,
Ұран сап, бостандыққа жолды нұсқап,
Орнатты Октябрьде бақыт таңын,
Пердесін қара түннің түріп тастап.

Айнымас адалниет достық құрып,
Келеміз бір мақсатта бірге жүріп.

Нығайтып ұлы Отанның қуат-күшін,
Еңбекпен тарих көшін сілкіндіріп.
... Еліміз -жерімізге өскен көктей,
Тұрмады жау өзінің зәрін төкпей.
Бірақ, ол жатты сұлап, соқтыққанда
Достыққа біздің берік граниттей.

Өткізіп басымыздан ауыр сынды,
Гүлденттік тез өмірді, ойды-қырды.
Көп ұлтты бір туыстар бір келеміз,
Шырқатып бейбітшілік, достық жырды.

Отандас, бір тілектес Украина,
Алтын күн сәуле төкті нұрын құя;
Жетеміз коммунизм шыңына біз,
Бастаушы оған бізді—Компартия.

Р. УӘЛИЕВ.

ҰЛЫ ОРЫС ХАЛҚЫНА

Жол бастап құтқарған түнектен,
Білім де, өнер де үйреткен,
Туыстар —
Орыстар,
Ағамыз, достыққа ту тіккен,
Сені біз
Сүйеміз,
Қаны бір, туыстық жүрекпен.
Өмірді еңбекпен гүлденткен,
Майданда бірлесіп күрескен,
Сізбен біз —
Бір елміз,
Мақсаты, тілегі біріккен.

Әр істе,
Күресте
Жеңіске жеткенбіз бірлікпен.
Біздерді —өмірлік қосылған,
Бастайды партия данышпан.
Бұл күшпен —
Достықпен
Жетеміз табысқа табыстан.
Бұл менің—
Сәлемім
Сендерге, отандас туысқан.

Ә. МҰСАҚАНОВ.

ДОСЫМА

Украиндық досыма,
Сәлем алыс даладан.
Ата-анаға қосыла,
Сәлем іні-ағадан.

Достық деген қымбат сөз,
Достың сырын дос ұққан.
Айнымайды достық еш
Күрестерде шыныққан.

Қара бұлтты серпілткен—
Коммунистік партия.
Достықты шындап ерлікпен
Қамқор болды халқына.

Бүгінгі гүлді украин—
Досым сенің туғаның.
Тойына жаңа ән шырқайын,
Тыңдасын қыр мен суларын.

Жайнату үшін даламды
Есімде берген көмегің.
Донбастан келіп Арқаға,
Үйреттің еңбек өнерін.

Досым, сенің қыздарың,
Агроном байтақ далада.
Сеуіп астық нәр дәнін,
Жайқалтқан бидай далама.

Осы достық мәңгілік,
Осы достық бізге—жан.
Орыс халқы ағамыз,
Достық туын ұстаған.

Ғ. МАЛДЫБАЕВ.

ҚАРЫНДАС

Сандуғаштар сайрағанда,
Сайрағанда әнімен.
Бұлбұл үні әлде қайда,
Шықты әуенді бәрінен.

Бұлбұлымыз —Олеся қыз,
Қыпша белді, ақша бет,
Көркемдігі тіл жеткісіз,
Қыймылы да тым өжет.

Сұлу қыздың шырқағаны,
Өз елінің сәні екен.
Оның байтақ даласында,
Өскен егін дәні екен.

Днепрдей даңқты өзен,
Суы балдай көлі екен.
Жер қойнауы толы қазна,
Алтын, темір . . . түрлі кен.

Завод, фабрика, оқу орны,
Өркендеген күнде алға.
Олесяның әсем әні,
Арналыпты бұған да.

Осы әннің көпшілігі,
Достыққа арнап айтылған:
—Сансыз алғыс ұлы орыска,
Украина халқынан.

Украиналық жас қарындас,
Бұлбұлы сен өмірдің.
Қазақ халқы қуанады,
Табысына еліңнің.

М. КӘМӘЛИЕВ.

Булаев ауданындағы Чистов совхозының коллективі сауын сыйырлардың сүттілігін арттыру жолында қажырлы күрес жүргізіп келеді. Соның нәтижесінде өткен жылы сауын сыйырлардың сүттілігі бұрынғы жылдармен салыстырғанда анағұрлым артты. Мәселен, 1952 жылы әрбір сауын сыйырдан 1627 литр сүт сауып алынса, өткен жылы 2080 литр сүт сауылды. Ал, өздеріне бекітіліп берілген сыйырлардың әрқайсысынан озат сауыншылар Н. Барохина —2804 литр, Е. Фель —2937 литр, А. Фенбейнер — 2724 литр сүт сауды. Совхозда бұлар сияқты жылдық тапсырмаларын асыра орындаған озат сауыншылар көп.

Совхоз коллективі мұндай жетістіктерге мал азығы базасын жақсарту, мал шаруашылығындағы ауыр жұмыстарды механикаландыру, малды зоотехникалық ережелерге сай бағып күту, малшылардың зоотехникалық білімін көтеру негізінде ие болды. Сол сияқты, мал өсірушілерге материалдық және мәдени жағдайлар туғызылды. Осының бәрі олардың еңбекке деген ынталылығын арттыра түсті.

Қоғамдық мал зоотехникалық -малдәрігерлік ережелерге сәйкес бағылып күтіледі. Малға азық зоотехник жасаған рацион бойынша беріледі. Мәселен, әрбір сыйырға тәулігіне 15 килограмм құнарлы азық, 12 килограмм шөп және 4 килограмм концентрат беріледі. Стандартты қоралар салынып, оларда автомат суарғыш, аспалы жол, шөп тұрағыш, азық буландырғыш машиналар жұмыс істейді. Барлық қораларда электр жарығы бар. Фермалардағы ауыр жұмыстардың механикаландырылуы малшылардың еңбегін жеңілдетуге, еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіншілік жасауда.

Сауын сыйырлардың құнарлылығы артуына байланысты сауыншыларға бекітілген сыйырлар саны едәуір азайтылды. Мәселен, бұрын әрбір сауыншыға 16—18 сыйырдан бекітілсе, кәзіргі уақытта 11—14 сыйырдан бекітіліп беріліп отыр. Сауыншылар фермадағы тәуліктік жұмыс тәртібін ұқыпты сақтайды.

Совхозда зоотехникалық курстардың жұмысы ойдағыдай жүргізіліп келеді. Мұнда 95 адам оқыйтын 7 зоотехникалық курс бар. Курс тыңдаушылары сабаққа үзбестен қатынасып, өздерінің білімдерін көтеруде. Курстарда сабақтың идеялық жоғары сапада өткізілуіне керекті жағдайлар туғызылған. Мұнда оқыйтындар теориялық мәселелерді практикамен байланыстырып, алған білімдерін күнбе-күнгі істелетін жұмыстарға шеберлікпен қолданып жүр.

Совхозда кемшіліктерде жоқ емес. Айта кететін бір кемшілік сол —совхозда мал азығы балансында тамыржеміс дақылдар өте аз. Совхоз басшылары бұл дақылдардың малға құнарлы азық болатынын, оларды малдың суйсіне жейтіндігін, соның нәтижесінде сыйырлардың сүттілігі едәуір артатынын ескермей келеді. Жабайы жемшөпті техника күшімен нәрлендіру ісі де нашар жүргізілуде. Алдағы уақытта мұндай кемшіліктерді жоюға ерекше көңіл аударған жөн.

Совхоз коллективі ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өндірістік табыстармен қарсы алу үшін өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алып, оны іске асыру жолында белсенділікпен күрес жүргізуде. Олардың бұл күресте зор табыстарға жететіндіктері сөзсіз.

З. ТОНГИЕВ,
Чистов астық совхозының аға зоотехниті.

Еңбек өрлей түсуде

«Гигант» колхозының (Булаев ауданы) колхозшылары үстіміздегі қыста мал қыстату жұмысын ұйымшылдықпен жүргізіп келеді. Олар Преснов ауданындағы «Путь к коммунизму» колхозы мүшелерінің облыстың барлық еңбекшілерін мал қыстатуды үлгілі өткізу жөнінде социалистік жарысқа шақырған үндеуін талқылағанда өз колхозындағы қоғамдық малды қысқы маусымда күтіп бағудың барысына сын көзбен қарап, бұл жұмысты жақсарта түсудің шараларын белгіледі.

Кәзір сол белгіленген шаралардың мүлтіксіз жүзеге асырылуы көзделіп, барлық күш- мүмкіншілік малды күту, азықтандыру, даладағы жемшөпті қоралар жанына тасып, үю жұмыстарына жұмылдырылған.

Даладағы пішен мен сабан- топанды тасуда 28 пар көлік және 1 трактор жұмыс істейді. Мал азығын тасуда жүрген колхозшылар өзара социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, күндік тапсырмаларын үнемі асыра орындап жүр. Жемшөп малға белгіленген норма бойынша өлшенін беріледі. Ірі сабақты жемшөпті турайтын машина үздіксіз жұмыс істейді. Онымен тұралған сабан арнаулы қамбаға салынып тұздалып, буландырылады. Осы жолмен күн сайын 25—27 центнер сабан нәрлендіріліп, сыйыр малын азықтандыруға жұмсалады. Оны мал жақсы сүйсініп жейді. Шошқа малына да тамыржемісті азықтар алдын ала әзірленіп, буландырылып беріледі.

Сыйыр малына алдын ала әзірленіп берілетін сабанды қоспағанда күн сайын 12—15 килограмнан сұр азық, 16 килограмнан көк шөп беріледі. Ал, кәзір сауылып жүрген 45 сыйыр құнарлы азықпен ерекше азықтандырылады.

Кәзір фермаларда мал төлдей бастады. Мал өсірушілер алғашқы төлдеген 26 сыйырдан 26 бұзауды, 95 сауықтан 110 қозыны, 2 мегежіннен 20 торайды аман алып, шығынсыз өсіріп отыр.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өткізу туралы Указы колхозшыларды зор қуанышқа бөлеп, оларды жемісті еңбекке жігерлендіре түсті. Олар бүкілхалықтық мереке —ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күні —14 мартты өндірістік табыстармен қарсы алу үшін мал қыстату, тұқым тазарту, егіс алаңдарына қар тоқтату, тыңайтқыштар жыйнау және ауылшаруашылық саймандарын жөндеу жұмыстарын бір-бірімен ұштастыра, қызу қарқынмен жүргізуде.

Б. ЖАҚЫПОВ,

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы туралы тезистер

(1654—1954 жылдар)

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мақұлдаған

Бұдан 300 жыл бұрын, 1654 жылғы январьда, Переяслав Радасында украин халқының еркін білдірген қуатты жігерімен Украинаның Россиямен қайта қосылғаны жарияланды. Бостандық сүйгіш украин халқының шетелдік құлданушыларға қарсы, біртұтас Россия мемлекетінде орыс халқымен қайта қосылу жолындағы ұзақ күресі осы тарихи актпен аяқталды. Аса көрнекті тарихи оқыйға—Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы украин және орыс халықтарының ғана емес, сонымен бірге Совет Одағының барлық халықтарының да зор мерекесі болып табылады.

Бұл қайта қосылудың «тілі жөнінен де, мекені жөнінен де, мінез-құлқы жөнінен де, тарихы жөнінен де соншалық жақын» (Ленин) екі ұлы халықтың одан әрі тарихи дамуы үшін орасан зор маңызы болды.

Өзінің тағдырын туысқан орыс халқымен мәңгі байланыстырып, украин халқы өзін шетелдік құлдықтан сақтап қалды, сөйтіп өзінің ұлт ретінде даму мүмкіндігін қамтамасыз етті. Сонымен бірге Украинаның Россиямен қайта қосылуы Россия мемлекетінің нығаюына, оның халықаралық беделінің артуына көп көмегін тигізді. Ортақ жауларға қарсы—царизмге, крепостниктер мен капиталистерге қарсы, сонымен қатар шетелдік басқыншыларға қарсы бірлескен күресте Россия мен Украина еңбекшілерінің достығы артып, нығайды. Империализм дәуірінде бұл күресті дүние жүзіндегі ең революцияшыл орыс жұмысшы табы бастап, оған жұмысшы табының жауынгерлік авангарды —Коммунистік партия басшылық етті. Орыс жұмысшы табы Россияның халықтарын самодержавиені жеңген, ал содан кейін помещиктер мен капиталистерді де жеңген бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңіске жеткізді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы бұрынғы патшалық Россия халықтарының әлеуметтік және ұлттық езілушілігін біржолата жойып, социалистік ұлттардың қалыптасуына жағдай жасады, сөйтіп олардың коммунистік қоғам орнату ісінде тығыз ынтымақтасуына негіз қалады.

Украин, орыс халықтарының және еліміздің басқа халықтарының достығы мен туысқандық одағы азамат соғысы мен шетелдік интервенцияның сұрапыл жылдарында, социалистік құрылыстың барысында, неміс-фашист басқыншыларға қарсы Ұлы Отан соғысының тарихи шайқастарында нығайып, шыныққты. ССРО халықтарының мызғымас достығы—көп ұлтты советтік социалистік мемлекеттің аса маңызды негіздерінің бірі және туысқан советтік республикалардың барлық табыстарының басты шарты.

ССРО-ның еркін және тең праволы халықтарының мызғымас достығының дем берушісі Коммунистік партия болып табылады. Совет Одағы халықтарының коммунизмнің жеңісі жолындағы күресін бастай отырып, Коммунистік партия советтік қоғамның мызғымас негізі —жұмысшы табы мен шаруалар одағын нығайтып келеді. Партия Совет Одағына кіретін барлық халықтарды өркендетуге тынбастан қамқорлық жасап, буржуазиялық ұлтшылдықтың көріністеріне қарсы мейірімсіз күрес жүргізіп, совет адамдарын халықтардың достығы, советтік патриотизм және пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеп келеді.

ССРО халықтарының бүкіл тарихи тәжрибесі олардың ұлы орыс халқымен достығының орасан зор маңыздылығын, Коммунистік партияның басшылығымен социализм орнатып, қазіргі уақытта коммунизмнің салтанатына қарай сеніммен алға басып келе жатқан еліміздің барлық халықтарының туысқандық одағы мен тығыз ынтымағының мызғымас күштілігін мейлінше айқын көрсетеді.

I

1. 1654 жылы Украинаның Россиямен қайта қосылуы туысқан екі ұлы славян халқы —орыс және украин халықтарының бұған дейінгі бүкіл тарихының заңды нәтижесі болды. Бұл қайта қосылу Украинаның Россиямен көп ғасырлар бойы өркендеген экономикалық, саяси және мәдени байланыстарынан туған еді және ол екі халықтың түбірлі мүдделері мен ынтызар армандарына сай келген еді.

Орыс, украин және белорус халықтарының шыққан тегі бір тамырдан —ерте замандағы орыс мемлекетін — Киев Русін құрған ерте замандағы орыс халқынан тараған.

Русьтің феодализм дәуірінде, татар-монгол шапқыншылығының ауыр кезінде әлеуметтік-экономикалық жағынан өркендеуі ерте замандағы орыс халқының жеке бөліктерінің оқшауланушуына әкеліп соқтырды. Ерте замандағы біртұтас орыс халқынан бірте-бірте туысқан үш халық —өздеріне тән тіл, мәдениет және тұрмыс ерекшеліктері бар орыс, украин және белорус халықтары құрылды. Тарихтың барлық құбылыстары мен ұлы сындарға қарамастан, орыс, украин және белорус халықтары шыққан тегінің бір екендігін, тілі мен мәдениетінің жақындығын түсінген сезімін, өз тағдырының ортақтығын түсінген сезімін сақтап, талай ғасырлардан алып өтті.

2. Ерте замандағы орыс елдерінің әлсіреуі нәтижесінде, —мұның өзі едәуір дәрежеде татар-монгол хандарының басқыншылығының салдарынан болды, — Солтүстік- Шығыс Русьтен оқшау қалған украин жері бөлшектеніп, литван, ағылшын, украин халқының ғасырлардан бергі талаптары мен үміттерінің бейнесі болды және оның өміріндегі бетбұрыс кезеңге уласты.

Ол кезде Россияны патша мен помещиктер басқарып тұрғанына қарамастан, Украинаның Россиямен қайта қосылуының украин және орыс халықтарының саяси, экономикалық және мәдени жағынан онан әрі өркендеуі үшін орасан зор прогрестік маңызы болды.

Переяслав Радасы қарарларының украин халқының тағдыры үшін тарихи маңызы бәрінен бұрын мынада болды: біртұтас Россия мемлекетінің шеңберінде Россиямен қосылып, Украина шляхталық Польшаның құлдығынан және сұлтандық Түркияның арапына түсуден құтқарылды.

Украин халқы қайта қосылу актысы арқылы өзінің орыс халқымен тарихи қалыптасқан мызғымас тығыз байланысын баянды етті, өзінің әлеуметтік және ұлттық азаттығы жолындағы күресте орыс халқындай ұлы одақтасын, сенімді досын және қорғанышын тапты.

Орталықтанған қуатты Россия мемлекетімен қайта қосылу Украинаның экономикасы мен мәдениетін өркендетуге әсерін тигізді. XVII ғасырдың екінші жартысында Украинаның экономикасы сол кезде құрыла бастаған Бүкілроссиялық рыноктің біртұтас бөлегіне айналды. Қайта қосылу сонымен қатар Россияның өндіргіш күштерін өсіруге және туысқан екі халықтың мәдениетін өзара байытуға көмектесті.

Украинаның Россия құрамына кіруінің орасан зор халық-аралық маңызы да болды. Оның Россияға кіруі сұлтандық Түркия мен шляхталық Польшаның агрессиялық арамниеттеріне соққы берді.

II

7. Россия мен Украинаның экономикалық қорларын біріктіру орыс және украин халықтарының шетелдік басқыншыларға қарсы бірлескен күресінде олардың күштерін есеңлеп арттырды.

Құрамында украин әскери бөлімдері де болған орыс армиясы 1709 жылы Полтава түбінде швед басқыншыларын талқандады. Швед және поляк басқыншыларының көмегімен Украинаны Россиядан бөліп әкетіп, жексұрын шетелдік езушілікті қалпына келтіруге тырысқан зұлым сатқын, екіжүзділердің асырандысы гетман Мазепаға украин халқы біркісідей болып қарсы шықты.

XVIII ғасырдың екінші жартысында Россия сұлтандық Түркияны мықтап жеңді. Бұл жеңістерде орыстың ұлы қолбасшысы А. В. Суворов аса көрнекті роль атқарды. Осы жеңістердің нәтижесінде Қырым және Украинаның оңтүстік жерлері Түркияның үстемдігінен азат етіліп, мұның өзі бүкіл елдің өндіргіш күштерін өркендетуде орасан зор пайдалы роль атқарды, еліміз бұрын мүмкін болмай келген теңіз жолына енді еркін шығатын болды. Қара теңіз жағалауында Украинаның Херсон, Николаев, Одесса және басқалары сияқты ірі сауда және мәдениет орталықтары орнап, өсті.

XVIII ғасырдың аяқ шенінде бұған дейін әлі пандар Польшасының тепкісінде болып келген Украинаның оңжақ жағалаудағы жерлері (Киевщина, Волын, Подолье) Россиямен қайта қосылды.

Орыс және украин революционерлерімен бірге поляктің революционер-демократтары да царизмге қарсы шықты. Поляк халқының тандаулы өкілдері украин халқының азаттық күресіне әркашан да тілектестік білдіріп отырды.

11. Россияда капитализмнің дамуы жаңа таптың—пролетариаттың жарыққа шығуына себепші болды. Еліміздің барлық ұлттарының еңбекшілері әлеуметтік және ұлттық езушілікті жою жолындағы күресінде тарихта тұңғыш рет өздерінің сенімді басшысы орыс пролетариатына ие болды.

Украинада өнеркәсіптің өркендеуімен бірге украин халқынан, сондай-ақ орыс халқынан құрылған жұмысшы табы жедел өсті. Украинаның жұмысшы табы Россия пролетариатының біртұтас бөлегі болды. Украинада жұмысшы қозғалысы жалпыроссиялық жұмысшы қозғалысымен мызғымас бірлікте өрістеп, өркенделі. 70—80-ші жылдардың өзінде-ақ Украинада, Россиядағы сияқты, самодержавие мен капитализмге қарсы күресуді өзіне міндет етіп қойған революциялық жұмысшы ұйымдары құрыла бастады. Украинаның жұмысшы табы Россия пролетариатының ең ірі және жауынгерлік отрядтарының бірі болды.

XIX ғасырдың аяғында XX ғасырдың басында дүниежүзілік революциялық қозғалыстың орталығы Россияға көшті. Россия империализмнің барлық қайшылықтарының шиеленіскен жері болды; ол соғыс-феодалдық, отарлық және капиталистік езушіліктің ошағы болды. Царизмнің, помещиктер мен буржуазияның еңбекшілерді езушілігінің үстіне батысевропалық монополистік капиталдың Россияны импе-

және оның итаршысы — Қырым хандығының олжасына айналды.

XVI ғасырда Украинаның көп бөлегін пандар Польшасы басып алды. Бұған украин феодалдары —крепостниктердің сатқындық саясаты көмектесті, олар поляк пандарымен одақтасып, халық бұқарасының феодализмге қарсы күресін басып-тұншықтыруға, өздерінің таптық феодалдық-крепостниктік үстем жағдайын нығайтып, кеңейтуге, еңбекшілерді қанауын күшейтуге тырысты.

Украин жерін басып алып, поляк феодалдары (шонжарлар мен шляхта) Украинада тозуге болмайтын, аса ауыр крепостниктік езушілік тәртібін орнатты. Крепостниктік және ұлттық езушіліктің бүкіл ауыртпалығы шаруаларға, қала және казак кедейлеріне түсті. Поляк шляхтасы украин шаруаларын адам қатарында санамады, олардың адамгершілік қасиетін өрескел аяққа басты. Поляк пандары Ватиканның көмегімен, қатал шаралар қолданып, Украинада католицизм орнатуға, шіркеу униясын енгізуге тырысты, украиндарды зорлықпен поляктандыру саясатын жүргізді, украин халқын рухани жағынан құлдануға және оның орыс халқымен байланыстарын үзуге тырысып, украин тілі мен мәдениетін қорлады.

Украинаның халық бұқарасының ауыр жағдайын Поляк мемлекетінде өршіген және украин жерін үнемі тонап, ойрандаған шонжарлар мен шляхтаның есуастық озбырлығынан айқын көрінген феодалдық анархия ширетте түсті.

Шляхталық поляк мемлекетінің езгісі және поляк пандарының шексіз озбырлығы Украинаның экономика мен мәдениет жағынан өркендеуіне өте күшті кедергі болды. Украина халқы сонымен қатар түріктер мен қырым татарларының үнемі жасаған қарақшылық шабуылдарынан да жапа шекті.

Орыс халқы тағар-монгол құлданушылары мен басқа да шетелдік құлданушыларға қарсы ұзақ уақыт жүргізген жанқыярлық күресте феодалдық бытыраңқылықты жеңіп, өзінің ұлттық тәуелсіздігін сақтап қалды, сөйтіп астанасы Москва да болған ең қуатты орталықтанған мемлекет құрды. Москва орыс мемлекетін құрудың негізі және инициаторы болып, оның саяси, экономикалық және мәдени орталығына айналды.

Орыстың орталықтанған мемлекеті орыс, украин, белорус халықтарының және еліміздің басқа халықтарының тарихи тағдырында аса зор роль атқарды. Ол өзінің орнаған кезінен бастап, шетелдік құлданушыларға қарсы күрескен туысқан халықтарды өзіне тартушы орталыққа және тірекке айналды.

3. Украин халқы құрып кету хаупінде бола отырып, шетелдік құлданушыларға қарсы, өзінің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін және, сонымен бірге, Россиямен қайта қосылу үшін үнемі күрес жүргізді.

Украин халық бұқарасының феодалдық-крепостниктік және ұлттық езушілікке қарсы, сондай-ақ түрік-татар шапқыншылығына қарсы күресінің барысында казак әскерлері түрінде соғыс күші құрылып, оның орталығы XVI-ғасырдағы украин халқының тарихында прогрестік роль атқарған Запорожье Сечі болды. Ауқатты казак-старшина топтарының бір бөлегі оқтын-оқтын поляк шляхтасымен келісімге барған болса, қатардағы казактар бұқарасы шаруалармен және қала кедейлерімен бірлесіп, феодалдық-крепостниктік және ұлттық езушілікке қарсы мейрімсіз күрес жүргізді. Шаруалар мен казактардың поляк шляхтасы мен жергілікті қанаушылардың үстемдігіне қарсы көтерілістері бірінен соң бірі Украина мен Белоруссияны шайқалтты. XVI-ғасырдың аяғында және XVII-ғасырдың бірінші жартысында Украинадағы ең ірі халық көтерілістері Косинскийдің, Наливайконың, Тарас Федоровичтің (Трясилоның) және басқалардың басшылығымен жасалды.

Россияда Иван Болотниковтың басшылығымен жасалған шаруалар көтерілісі (1606-1607) шетелдік езгіге және жер-

Шаруа-казак бұқарасы әлеуметтік және ұлттық езушілікке қарсы қаһармандық күрес жүргізген уақытта, украинның феодалдық билеуші топтары (казак старшиналары мен ұсақ помещиктер) азаттық соғысына қатыса отырып, Украинада феодалдық-крепостниктік қатнастарды сақтауға және нығайтуға тырысты.

1648-1654 жылдардағы азаттық соғысында украин халқы сонымен бірге пандар Польшасының тепкісінен құтылу үшін және біртұтас Россия мемлекетінде туысқан орыс халқымен қайта қосылу үшін күресті.

5. Азаттық соғысына аттанған украин халқын аса көрнекті мемлекет қайраткері және қолбасшы Богдан Хмельницкий бастады. Богдан Хмельницкийдің тарихи еңбегі мынау болып табылады: ол украин халқының орыс халқымен тығыз одақ жасауға ғасырлардан бері ұмтылған талаптары мен үміттерін білдіріп және украин мемлекетінің қалыптасу процесін басқара отырып, оның міндеттері мен перспективаларын дұрыс түсінді, украин халқын ұлы орыс халқымен біріктірмейінше, оны құтқару мүмкін емес екенін көрді, Украинаны Россиямен қайта қосуды қажырлылықпен жақтады.

Халық-азаттық соғысы кезінде Богдан Хмельницкийдің басшылығымен Украинада ірі қарулы күштер құрылып, олар шляхталық поляк әскерлерін сан рет талқандаған тамаша жеңістерге жетіп, Украинаның көп бөлегін жаудан азат етті. Көтеріліс жасаған украин халқы өзінің ортасынан Богдан Хмельницкиймен қатар, Ерівонос, Нечай, Богун және басқалары сияқты тамаша әскери басшылар мен халық батырларын шығарды.

Поляк және литван феодалдарының езушілігіне қарсы, Россиямен қайта қосылу үшін украин халқымен бірге туысқан белорус халқы да күресті.

Украин халқының азаттық соғысына Молдавияның шаруалары белсене қатысты.

Украин халқының поляк пандарына қарсы күресіне поляк феодалдарының тепкісінен жапа шеккен поляк шаруалары кең үн қосып, тілектестік білдіріп отырды. Украина халқының өрістеген азаттық күресінің ықпалымен Польшаның бірқатар аудандарында шаруалар көтерілістері болып, бұл көтерілістер Польшаның феодалдық мемлекетін әлсіретті.

Россияның қалың халық бұқарасы мен орыс мемлекетінің үнемі көмектесіп, қолдауы украин халқының азаттық соғысының зор көлемде өрістеп, оның аса үздік жеңістерге жетуіне әсерін тигізді. Украин әскерлерінің қатарында көптеген Дон казактары, орыс шаруалары мен қала азаматтары жаумен шайқасты.

Шляхталық Польшаға қарсы күресін және Қырым татарларының қарақшылық шапқыншылықтарын тойтарып отырып, Украина Россияның үнемі көрсеткен экономикалық, дипломатиялық және соғыс көмегіне сүйенді. Астық, қару, ұрыс жабдықтары, тұз, металл бұйымдар тиелген керуендер Россиядан Украинаға ағылып барып жатты. Орыс дипломаттары шетелдік мемлекеттермен келіссөздер жүргізген кезде Украинаның мүдделерін қорғады, тағысын тағылар. Поляк шляхтасының әскерлері мен Қырым хандарының шапқыншылығы кезінде өз мекендерін тастап шыққан украин шаруалары мен қала азаматтары Россияның жеріне келіп паналады.

Патша үкметі мемлекетті нығайту мақсатымен, украин халқының Россиямен қайта қосылуға ұмтылған талабын қолдап отырды. Украина өкілдерінің сан рет жасаған өтініштерін ескеріп, сонымен қатар поляк, литван және түрік-татар басқыншылары тарапынан қаны бір украин халқының өмір сүруіне төнген хауіпті еске алып, Москвадағы Земство соборы 1653 жылғы 1(11) октябрьде Украинаны Россияның құрамына қабылдауға және Украина мен Белоруссияны азат ету үшін шляхталық Польшаға қарсы соғыс жариялауға келісім берді. Земство соборына, документтерден көрініп отырғанындай, боярлардан, дворяндардан, дін иелерінің ішінде украин халқы, орыс халқының бастауымен, наполеондық армияның дүшпандық шапқыншылығын талқандады.

8. Украинаның Россиямен қайта қосылуы украин және орыс халықтарының орыс және украин крепостниктерінің әлеуметтік езушілігіне қарсы бірлескен күресінде олардың бірлігін нығайтты. XVII-XVIII ғасырларда Россияда Степан Разин мен Емельян Пугачевтің басшылығымен жасалған, көптеген халықтардың шаруалары белсене қатысқан феодализмге қарсы көтерілістерге украин халқының езілген бұқарасы кең көлемде үн қосты. Феодалдық-крепостниктік және ұлттық езушілікке қарсы күресте украин шаруалары Зализняк, Довбуш, Кармелюк және басқалары сияқты халық батырларын өсіріп шығарды.

Россияның түрлі ұлттарының шаруалар бұқарасын қамтыған феодализмге қарсы қозғалыстар өзінің стихиялық сыйпатына, ұйымдаспағанына және бытыраңқылығына қарамастан, крепостниктік құрылысты шайқалтып, осы бұқараны ортақ жауға қарсы күреске топтастырды.

Феодалдық-крепостниктік езушілікке және шетелдік басқыншыларға қарсы қаһармандық күрестің барысында Россия мен Украина еңбекшілерінің жауынгерлік достығы өркендеп, нығайып отырды.

9. Патша самодержавиесі орыс, украин халықтарының және Россияның басқа халықтарының ең қас жауы болды. Жергілікті помещиктер мен буржуазияның реакцияшыл үстем топтарына сүйеніп, царизм орыстан басқа халықтарды ұлттық-отарлық қатал езушілік саясатын жүргізді. Украинада царизм жергілікті өзін өзі басқару орындарын жойып, ұлт-азаттық қозғалысын қаталдықпен басып-тұншықтырды. украин мемлекеттігін құруға ұмтылған таланты тыйып отырды, орыстандыру саясатын күшпен жүргізіп, украин тілі мен мәдениетінің дамуына қысым жасады.

10. Россияда царизм мен крепостниктікке қарсы XIX ғасырда өрістеген революциялық азаттық күресте ұлы орыс халқы жетекші роль атқарды.

Радищевтің революциялық дәстүрлерін ілгері дамытқан революционерлердің— царизмге қарсы күрескерлердің бірінші ұрпағы 1825 жылы Петербургте және Украинада (Чернигов полкінің көтерілісі) көтеріліс ұйымдастырған декабристер болды. Декабристерден кейін іле-шала орыстың ұлы революционер-демократтары —Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов царизм мен креспостниктікке қарсы күреске аттанды.

Патшаның ұлттық-отарлық қатал езгісінің реакцияшыл саясатына қарамастан, орыс халқының таңдаулы ұлдары Украинаның ұлттық тәуелсіздік алу правосы бар, деп таныпы, украин халқының алдыңғы қатарлы қайраткерлерімен бірге, Россияның халықтарын бір-біріне айдап салған масқаралық саясатқа қарсы күресті, бұл масқаралық саясатты орыс және украин помещиктері мен буржуазиясы және олардың итаршылары —ұлы державашыл шовинистер мен украин буржуазияшыл ұлтшылдары жүргізіп келді. Россияның революцияшыл қайраткерлері украин халқының еркін ұлт болып өркендеу правосын әрқашан да бар деп таныпы, мұны царизмді құлатумен және орыс халқын, сондай-ақ украин халқын және еліміздің басқа халықтарын азат етумен байланыстырды.

Украин халқының кемеңгер ұлы, ақын және революционер-демократ Т. Г. Шевченко орыстың революционер-демократтарымен тығыз бірлесе отырып, царизм мен крепостниктікке қарсы күрес жүргізді. Ол езушілерге қарсы терең өшпенділік сезіміне бөленген өзінің шығармаларымен украин халқының ұлттық және әлеуметтік сана-сезімін дамытуда орасан зор роль атқарды. Ол украин халқын азат ету жолы ең алдымен барлық славян халықтарының орыс халқымен революциялық бірігуінде екенін көрді. Шевченко украинның буржуазияшыл ұлтшылдығы мен либерализміне қарсы мейрімсіз күрескер болды.

осы қайшылықтардың бәрін революциялық жолмен шеше алатын нақты күш бар еді: бұл күш Россия пролетариаты болды.

Россияда өсіп келе жатқан жұмысшы қозғалысының міндеттері революцияшыл пролетарлық партия құруды барынша талап етті. XIX ғасырдың 80-ші жылдарында Россиядағы марксизмнің Г. В. Плеханов бастаған алғашқы өкілдерін біріктірген «Еңбекті азат ету» тобы Россиядағы революциялық жұмысшы қозғалысының теориялық негіздерін қалады. XIX ғасырдың 90-шы жылдарында Россияның жұмысшы табын ұлы Ленин басқарды. 1895 жылы Петербургте В. И. Ленин «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» ұйымдастырып, ол Россиядағы революцияшыл пролетарлық партияның тұңғыш бастамасы болды. Лениндік «Күрес одағы» бүкіл елдегі революциялық қозғалысқа орасан зор ықпал жасады. Украинада да — Екатеринославта, Киевте және басқа қалаларда осындай «Одақтар» құрылды. Украинадағы лениндік бағыттағы социал-демократиялық ұйымдар, Россиядағы сияқты, ереуілдерге басшылық етіп, бұқаралық үгітке көшуді жүзеге асыра отырып, социализмді жұмысшы қозғалысымен ұштастырды.

12. 1903 жылы РСДЖП II-ші съезінде В. И. Ленин жасаған идеялық және ұйымдық негіздерде жаңа түрпаттағы маркстік партия құрылды. В. И. Ленин жұмысшы қозғалысындағы сынаржақтық және ұлтшылдық элементтерге қарсы күресте маркстік партия құрудың интернационализм принципін қорғап қалды. РСДЖП өзінің қатарына Россияның барлық ұлттарының революцияшыл жұмысшыларын біріктірді. Ол әуел бастан-ақ пролетарлық интернационализм мен халықтар достығы идеологиясының ту ұстаушысы болды. РСДЖП II-ші съезінде лениндік программаның ұлт мәселесі жөніндегі талабы —ұлттардың өзін өзі билеу праволарын мойындау талабы қабылданды.

Орыс жұмысшылары помещиктік- буржуазиялық құрылысқа қарсы күресте бастамашы болып, олар ұлт аймақтарының пролетариаты мен барлық еңбекшілерін әлеуметтік және ұлттық азаттық жолындағы күреске жұмылдырып, топтастырды.

Украинаның еңбекшілері қаһарман орыс пролетариатымен бірге 1905—1907 жылдардағы бірінші буржуазиялық-демократиялық революция жылдарында өзінің тап жауларына қарсы жаналмай күресті. Бұл кезде Украинада бірқатар қалалар мен губернияларда ірі көтерілістер, сонымен қатар Қара теңіз теңізшілерінің көтерілістері болды. Осы көтерілістердің барысында Украинаның өнеркәсіп орталықтарының жұмысшылары, Москваның, Петербургтың және Россияның басқа қалаларының өнегесі бойынша, Совет өкметінің бейнесі болған жұмысшы депутаттарының Советтерін құрды. Украинадағы жұмысшылар мен шаруалардың революциялық күресі 1905—1907 жылдардағы революцияның жалпы барысында көрнекті орын алды.

Столыпин реакциясы тұсында революция жаңадан өрлеген кезде және дүниежүзілік бірінші соғыс жылдарында Украинаның жұмысшылары, бүкіл Россияның жұмысшылары сияқты, самодержавие мен буржуазияға қарсы күресте РСДЖ(б)П төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасты.

Австрия-Венгрия монархиясының тепкісінде болған Батыс Украина жеріндегі еңбекшілердің ұлттық азаттығы жолындағы, бүкіл украин халқымен қайта қосылуы жолындағы күресі де Россиядағы революциялық қозғалыстың ықпалымен ұлғая түсті.

Ұлы Ленин партияның ұлт мәселесі жөніндегі теориялық программасы мен саясатын марксизм тарихында тұңғыш рет жасап берді. Ол ұлт мәселесінің жұмысшы табының пролетариат диктатурасы жолындағы жалпы революциялық күресінің біртұтас бөлегі болып табылатынын көрсетті. Ленин халықтардың тең праволылығы мен достығы саясатының дем берушісі болды және осы саясатты іс жүзінде

(Соңы 3-бетте).

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы туралы тезистер

(1654—1954 жылдар)

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мақұлдаған

(Соңы. Басы 2-бетте).

асыруға бастылық етті. Лениннің ұлт мәселесі жөніндегі программалық нұсқаулары социалистік құрылыстың тәжрибесін қорыту негізінде И. В. Сталиннің шығармаларында және партияның қарарларында творчестволықпен онан әрі дамытылды. Пролетарлық интернационализм принципін қорғай отырып, партия барлық ұлттар пролетарларының қыймыл бірлігінің қажеттігін және олардың орыс пролетариатының төңірегіне топтасу қажеттігін барлық күшпен атап көрсетті.

«Ұлы орыс және украин пролетарлары бірлесіп қыймыл жасағанда,—деп жазды В. И. Ленин,—еркін Украинаның болуы мүмкін, мұндай бірлік болмаса, еркін Украина туралы өз болуы да мүмкін емес...» (В. И. Ленин, Шығармалар. 30 том, 14 бет).

Украинның буржуазиялық ұлтшылдары, интернационализмнің және украин халқының орыс халқымен туысқандық одағының ең қас жаулары болғандықтан, еңбекшілерді ұлтшылдық әуенімен уландыруға, олардың орыс халқына арандық сезімін тудыруға, олардың назарын езушілерге қарсы ортақ таптық күрестен басқа жаққа аударуға, сөйтіп, украин буржуазиясы мен помещиктерінің құлқыншылдық таптық мүдделеріне идеялық жағынан бағындыруға тырысып келді. Ұлтшылдар бұқараны алдау үшін украин ұлтының тапсыздығы және буржуазиясыздығы дейтін ғылымға жат реакциялық «теорияны »және «біртұтас тасқын» «теориясын» насихаттап келді. Соның өзінде украинның буржуазиялық ұлтшылдары орыс царизмі мен буржуазиясының одақтасы ретінде, шетелдік империализмнің агенттері ретінде әрекет жасады.

Бүкіл Россия еңбекшілерінің революциялық қозғалысын басқара отырып, Коммунистік партия ұлы державалық орыс шовинизміне қарсы, сондай- ақ украинның буржуазиялық ұлтшылдығына да қарсы батыл күрес жүргізіп келді.

Коммунистік партия Россияның езілген ұлттарының ұлтазаттық қозғалысын жұмысшылардың буржуазиялық-помещиктік құрылысқа, пролетариат диктатурасын орнату жолындағы күресімен ұштастыруды көзден келді.

13. Революциялық-азаттық күрестің бірлігі орыс және украин халықтарының мәдениет байланыстарын нығайтуға себепші болды. Прогрессіл орыс мәдениеті бүкіл украин мәдениетін (әдебиетті, театрды, бейнелеу өнерін, музыканы) өркендетуге жемісті әсерін тигізді. Ал алдыңғы қатарлы украин мәдениеті өз тарапынан орыс халқының мәдениетін байытып, дүниежүзілік мәдениетті өркендетуге лайықты үлес қосты.

Украинада алдыңғы қатарлы қоғамдық ой-пікір бүкіл еліміздегі сыяқты, XIX ғасырдың аяғынан бастап марксизм-ленинизм идеяларының ықпалымен дамыды.

Орыс, украин халықтарын және Россияның барлық басқа халықтарын онан әрі өркендету үшін дүние жүзіндегі ең революциялық Россия пролетариатының және оның жауынгерлік авангарды —Коммунистік партияның тарихи аренаға шығуының шешуші маңызы болды.

III

14. Россияның жұмысшы табы еңбекші шаруалармен одақтаса отырып, Коммунистік партияның басшылығымен Ұлы Октябрь социалистік революциясын жасады, империалистік буржуазия мен помещиктердің өкметін құлатып, пролетариат диктатурасын орнатты.

Октябрь социалистік революциясының нәтижесінде елімізде жұмысшылар мен шаруалардың дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекеті құрылды, бұл мемлекет халықтардың бейбітшілік және достық саясатын, Россияның барлық халықтарының теңдігін, еріктілігін жариялады, сөйтіп, Отанымыздың халықтарын пролетарлық интернационализмнің туы астында біртұтас туысқандық семьяға топтастырды.

Россияның орталығында Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңіске жетуі бүкіл Россияда пролетарлық революцияның дамуына қуатты қозғау салды.

Ұлы орыс халқымен бірге революциялық біріккен күрестің ұзақ жолын өткен украин халқы орыс бауырластарының соңынан бірінші болып Октябрь социалистік революциясының жолына түсті де, өз тарихының жаңа және даңқты дәуірін бастады.

1917 жылғы 25 декабрьде Советтердің Бірінші Бүкілукраиндық съезі Украинаны Советтік Социалистік Республика деп жариялады. Украинаның жұмысшылары мен шаруаларының біртұтас тілегін білдіре отырып, съезд Советтік Украинаның Советтік Россиямен тығыз одақтасуы қажет екенін салтанатты түрде мәлімдеді.

Украинаның жұмысшы табы буржуазия мен помещиктердің өкметін құлату жолындағы қалтқысыз күресімен, ұлтшыл контрреволюцияға қарсы күресімен елімізде пролетарлық революцияның жеңіп шығуына лайықты үлес қосты.

Украин халқы буржуазиялық-помещиктік қанаудан, ұлт[illegible]

Орыс халқының бастауымен Отанымыздың еңбекшілері 1918 жылдың ақырында Украинаның оңтүстік аудандары мен Қырымды басып алған ағылшын-француз интервенттерін, деникиншілерді, ақ поляктарды, врангельшілерді, петлюралық-махнолық ұлтшыл бандаларды және АҚШ пен Антанта империалистерінің тағы басқа жалдамаларын талқандап, совет елінің шекарасынан қуып тастады.

Россияның басқа халықтарымен бірлесе отырып, украин халқы орасан зор қыйыншылықтарды, шаруашылық күйзелістерін және аштықты жеңе білді, шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында өзінің туысқан Советтік өкметін қорғауда асқан ұлы ерлік пен батырлық көрсетті. Советтік Россияның көп мыңдаған жұмысшылары мен шаруалары Украинада украин халқының және ССРО-ның басқа халықтарының бостандығы мен бақыты үшін шайқасты.

Украин халқының көптеген ұлдары да, өз тарапынан, Россияда, Белоруссияда, Орта Азияда, Закавказьеде және басқа жерлерде азамат соғысының көптеген майдандарында шайқасты.

Украин халқының күштерін шетел интервенттері мен ішкі контрреволюцияны талқандауға жұмылдыруда Совет Одағы Коммунистік партиясының бөлінбес бір бөлегі болған, 1918 жылғы июльде құрылған Украина Коммунистік партиясы аса көрнекті роль атқарды.

Азамат соғысы мен шетел соғыс интервенциясының өгжалыны мен дауылында орыс, украин және ССРО-ның басқа халықтары арасындағы туысқандық одақ пен достық нығайып, шыңдала түсті. Осы достықтың арқасында ғана украин халқы, ССРО-ның барлық халықтары сыяқты, өзінің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалу[illegible]

Орыс халқының орасан зор туысқандық көмегі арқасында барлық ұлттық республикаларда жоғары дәрежеде өркендеген өнеркәсіп жасалды, мұның өзі олардың шаруашылық жағынан ғасырлық мешеулігін жоюға мүмкіндік берді. Украинада түсті металлургия, машина жасау, трактор жасау, химия өнеркәсібі және өнеркәсіптің тағы басқа аса маңызды салалары жаңадан жасалып, қәзіргі заманның алдыңғы қатарлы техникасымен жабдықталды. Харьковтың трактор заводы, Краматорск ауыр машина жасау заводы, «Азовсталь», «Запорожсталь», Запорожье комбайн заводы, Горловка химия заводы сыяқты өнеркәсіп алыптары салынды, Европадағы ең ірі су электр станциясы —В. И. Ленин атындағы Днепр су электр станциясы салынды; Донбастың көмір және Кривой Рогтың темір рудасы бассейндері түгелдей қайта құрылды.

Бұл жылдардың ішінде Киев, Харьков, Сталино, Ворошиловград сыяқты және басқа ірі-ірі өнеркәсіп қалалары адам танығысыз болып өзгерді және гүлденді.

Украинадағы социалистік индустрияландырудың ойдағыдай болуы социалистік жарысты кең өрістеткен жұмысшы табының еңбектегі өрлеуі арқасында, РСФСР-дің және басқа советтік республикалардың көмегі арқасында қамтамасыз етілді.

Социалистік индустрияландырудың ойдағыдай болуы ауыл шаруашылығын қайта құру жұмысын жүргізуге жағдай туғызды. Партия мен үкметтің қамқорлығы арқасында біздің елімізде дүние жүзіндегі ең ірі және механикаландырылған ауыл шаруашылығы құрылды, ол ұсақ тоқарлы шаруалар шаруашылығынан ғана емес, сонымен бірге, капиталистік ірі ауылшаруашылық өндірісінен де шешуші түрде басым екендігін дәлелдеді.

Советтік Украина басқа советтік республикалармен бірге алдыңғы қатарлы социалистік егіншілік республикасына, Совет Одағының ең ірі астықты алқаптарының біріне айналды.

Коммунистік партияның лениндік-сталиндік ұлт саясатын дәйекті жүргізуі елімізде мәдени революцияның жеңіске жетіп, ССРО-ның барлық халықтарының социалистік мәдениетінің қаулап өркендеуін қамтамасыз етті.

Коммунистік партия мен Совет үкметі халықтың арасынан шыққан, халықпен байланысты, өзінің бар күшін халыққа қызмет етуге, коммунизм орнатудың ұлы ісіне қызмет етуге жұмсайтын жаңа советтік интеллигенцияның көптеген ұлттық кадрларын жасады.

Совет өкметінің арқасында украинның ұлттық мәдениеті өзінің өркендеуі үшін осы уақытқа дейін болып көрмеген мүмкіншіліктерге ие болды, нағыз халықтық, социалистік мәдениетке айналды.

19. Советтік Социалистік Республикалар Одағының күші мен қуаттылығының артуы украин халқының ұлттық қайта қосылу туралы ғасырлық арманын жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Коммунистік партия мен Совет үкметінің көмекгерлік саясаты барлық украин жерлерін біріктіруді аяқтауға мүмкіндік берді. 1939 жылы Батыс Украина Советтік Украинаға қайта қосылды. 1940 жылы Буковина мен Измаиль облысы Украин ССР-не қайта қосылды, 1945 жылы — Закарпат Украинасы қайта қосылды. Барлық украин жерлері қайта қосылғаннан кейін Советтік Украина Европадағы ең ірі мемлекеттердің бірі болды. Қәзір Украин ССР-інде 40 миллион адамнан аса халық тұрады.

Көптеген негізгі экономикалық көрсеткіштері жөнінде Советтік Украина Европаның Франция, Италия сыяқты және басқа ірі- ірі капиталистік елдерін басып өзды. Украинаның астанасы —Киев —Русьтің ең ескі қалаларының бірі. Отанымыздың аса ірі әкімшілік және мәдени орталықтарының бірі болып табылады.

Қайта қосылған украин облыстарында социалистік өнер[illegible]тіп, кәзір коммунизм орнату ісіне өзінің елеулі үлесін қосуда.

Украинаның ірі өнеркәсібі 1952 жылы Украинаның революциядан бұрынғы өнеркәсібіне қарағанда, өнімді 17 есе көп шығарды. Осы уақыттың ішінде электр қуатын өндіру 37 еседен де көп артты; металл өндейтін өнеркәсіптің өнімі 69 есеге жуық өсті; көмір өндіру 4 еседен де көп артты; шойын қорыту —4,5 есе, болат қорыту 5 есеге жуық көбейді. Советтік Украина еліміздің аса маңызды көмір-металлургиялық базасы болып табылады. Қуатты көмір өнеркәсібі металлургиялық, химиялық және машина жасау индустриясы бар Донбасс, сол сыяқты Украинаның тағы басқа өнеркәсіп орталықтары бүкіл Совет Одағындағы өнеркәсіпте маңызды орын алады.

Партия мен үкметтің қарарларын жүзеге асыра отырып, Украинаның еңбекшілері, бүкіл еліміздің еңбекшілері сыяқты, социалистік экономиканың негіздерінің негізі болып табылатын ауыр өнеркәсілті өркендетудегі қол жеткен табыстарға сүйене отырып, халық тұтынатын заттардың өндірісін шұғыл өркендету үшін күресуде.

Украинаның колхозшы шаруалары жаңаымай еңбек етіп, күздік бидайдан, қант қызылшасынан және басқа аса маңызды ауылшаруашылық дақылдарынан бұрын болып көрмеген өнімдер алды. Украинның колхозшы шаруаларының катарынан ауыл шаруашылығы өндірісінің барлық салаларында социалистік еңбек әдісінің көптеген жаңашылдары шықты.

Партия мен үкмет социалистік ауыл шаруашылығын кәзіргі заманның техникасымен қаруландыруға үнемі қамқорлық жасап отырады. Кәзіргі уақытта Украинаның сіз далаларында 182 мың трактор (15 аттың күшіне шаққанда) жұмыс істейді, яғни соғысқа дейінгіден 69 процент артық, сол сыяқты, 51 мың астық комбайны жұмыс істейді, яғни соғысқа дейінгіден 65 процент артық, сол сыяқты сондаған мың басқа күрделі ауылшаруашылық машиналары бар.

Халық шаруашылығын үздіксіз өркендету негізінде халың бұқара халықтың тұрмыс жағдайы мен мәдени дәрежесі өсуде. Украин социалистік мәдениеті гүлденуде. Украинада 30 мыңға жуық мектеп бар, оларда 6,5 миллионнан аса балалар оқыйды. 1952—53 жылдары республикада 144 жоғары оқу орындары жұмыс істеді, онда 177 мыңнан аса студент оқыды, бұл 1914 жылғыдан 8 есеге жуық артық және Батыс Европадағы капиталистік елдердің қандайынан болса да көп; 591 техникум мен арнаулы орта оқу орындарында 234 мыңға жуық оқушылар оқыды. Украинада он мыңдаған мәдени -агарту мекемелері, клубтар, кітапханалар, мәдениет сарайлары жұмыс істейді.

Совет өкметі тұсында Украинада құрылған Ғылым академиясы, Архитектура академиясы және көптеген ғылыми-зерттеу мекемелері Украинаның көптеген ғалымдарын қамтыйды, олар алдыңғы қатарлы совет ғылымын өркендету ісіне лайықты үлес қосуда.

Украин халқының социалистік мәдениетінің дамуы маркстік-лениндік идеологияның берік негізіне, ССРО-дағы барлық туысқан халықтардың мәдениетімен мызғымас творчестволық байланыс жасап, терең мағнада өзара қарым-қатынас орнатуға негізделіп отырады. Украин советтік мәдениетінің өркендеуіне, әсресе, ұлы орыс халқының социалистік мәдениеті ерекше игілікті ықпалын тигізіп отырады.

Совет Одағы мен оның негізгі бөлігі—Украин Советтік Социалистік Республикасының бүкіл дүниежүзілік тарихи табыстары бүкіл прогрессіл адамзатты шексіз масаттану сезіміне бөлеуде.

Аса қатал қанаушылықтың тепкісінде зар илеген капиталистік елдердің миллиондаған еңбекшілері ССРО халықтарының, оның ішінде украин халқының коммунизм орнату жолындағы, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік орнату жо-

қожасы болды. Орыс халқының туысқандық көмегі арқасында ол өзінің ғасырлық арманын —нағыз еркін, ерікті, советтік республикалар семьясынан көрнекті орын алған ұлттық мемлекетін құруды жүзеге асырды.

Украинада социалистік революцияның жеңіске жетіп, Украин Советтік мемлекетінің құрылуы лениндік революция теориясының және ұлттық- отарлық мәселе жөніндегі Ленин жасаған ілімнің негізінде жүзеге асырылды, сонымен бірге халықаралық империализм мен оның буржуазиялық-ұлтшылдық агентурасының орасан зор жеңілуі болды.

15. Коммунистік партияның басшылығымен біздің еліміздің халықтары сыртқы жаулар мен ішкі контрреволюцияға қарсы қатал және қантөгіс күресте Октябрьдің ұлы жеңістерін, өз бостандығын және Отанның тәуелсіздігін қорғап қалды.

Украинның буржуазиялық ұлтшылдары — еңбекшілердің бұл ең зұлым жаулары, Украинаның «еріктілігі» деген жалған ұранды бетке ұстап, Совет өкметін жоюға, помещиктер мен капиталистердің езушілігін қайтадан орнатуға, украин еңбекшілерін орыс жұмысшылары мен шаруаларына қарсы айдап салуға, сөйтіп олардың арасында бауырластардың бірін-бірі өлтіретін соғысын қоздыруға тырысты.

Контрреволюцияшыл ұлтшылдық «укметтер»—помещиктер мен капиталистер өкметін қайта орнатуға және кулактардың үстемдігін нығайтуға тырысқан Грушевский, Винниченко және Петлюра сияқты шетел империализмнің жалдамалы агенттері басқарған Орталық Рада, Директория және басқалары Украинаны оның халқымен, бүкіл табиғи байлықтарымен қоса батысевропалық империалистік жыртқыштарға көтере және бөлшектеп сатумен болды. 1918 жылғы февральда контрреволюциялық Рада Советтік өкметті тұншықтыру үшін Украинаға австриялық-германдық оккупанттарды шақырды.

Украин халқы Коммунистік партияның шақыруымен австриялық-германдық интервенттерге және олардың жалдамалары —украинның буржуазиялық ұлтшылдарына қарсы күреске шықты.

16. Азамат соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін Совет елі бейбіт социалистік құрылыс дәуіріне көшті. Социализм орнату және елді қорғау міндеттері совет халықтарының экономикалық, соғыс және саясат салаларында неғұрлым тығыз ынтымақтасуын талап етті. Советтік республикаларды біртұтас мемлекеттік одаққа біріктіру мәселесі кезекте тұрды. Советтік Украинаның еңбекшілері біртұтас Одақтық мемлекет құрудың алғашқы инициаторларының бірі болды.

Коммунистік партия Совет елінің барлық халықтарының бірігу жолындағы қозғалысына басшылық етіп, оны дұрыс жолға сілтеп отырды.

1922 жылғы декабрьде Советтердің Бірінші Бүкілодақтық съезінде советтік республикалар еріктілік және тең праволылық негізде Советтік Социалистік Республикалар Одағына біріктіп, мұнда әрбір одақтас республиканың өзінің жоғары өкмет орындары бар, өзінің территориясы, өзінің конституциясы, өзінің заң шығару орны бар дербес мемлекет ретіндегі еріктілік правосы сақталды.

Советтік Социалистік Республикалар Одағының құрылуы Совет өкметінің асқан ұлы жеңісі, лениндік-сталиндік ұлт саясатының салтанаты болды. Мұның өзі халықтардың туысқандық ынтымағына қарсы шыққан және советтік республикаларды мемлекеттік тұрғыдан біріктіру жолында елеулі кедергі болып келген неше түрлі буржуазиялық ұлтшылдарды жеңгендік болды.

Советтік Социалистік Республикалар Одағының құрылуы бүкіл совет елінің және жеке алғанда әрбір советтік республиканың экономикалық, саяси және мәдени жағынан адамзат тарихында болып көрмеген дәрежеде гүлдену үшін бұрын артта қалған, езілген халықтарды алдыңғы қатарлы социалистік ұлтқа айналдыру үшін қажетті жағдайлардың бәрін қамтамасыз етті.

Советтік Украинаның ССР Одағы құрамына енуі оның халық шаруашылығын табыспен қалпына келтіруіне, социалистік мәдениетін дамытуына, социализм орнату жолында тез қарқынмен алға басуына мүмкіндік берді.

IY

17. Коммунистік партия маркстік-лениндік теорияға сүйене отырып, еліміздe социализм орнатудың программасын жасады. Бұл программаны жүзеге асыра отырып, совет халқы адамзат тарихында бірінші болып жаңа қоғамдық құрылыс — социализм орнатты, қанаушы таптарды біржолата құртып, адамды адамның қанауын жойды.

Біздің Отанымыз ғасырлық шаруашылық және мәдени мешеулікті жойып, алып адыммен алға басты, жоғары дәрежеде өркендеген индустриясы, социалистік ауыл шаруашылығы және дүние жүзінде ең озат советтік мәдениеті бар қуатты мемлекетке айналды.

Социализмнің жеңісі нәтижесінде ССРО-ның экономикасында советтік қоғамның таптық құрылымында және ұлттық өзара қарым-қатынас саласында түбірлі өзгерістер болды. Қанаушы таптарды — ұлт араздығын тұғызушылар мен ұйымдастырушыларды жою, қулдану атаулының бәрінің жауы және интернационализм идеяларының адал өрістетушісі болып табылатын жұмысшы табының өкмет басында отыруы, шаруашылық және қоғамдық өмірдің барлық саласында халықтардың өзара көмектесіп отыруы, ССРО халықтарының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетінің гүлденуі —осының бәрі біздің елімізде халықтардың біртұтас одақтық мемлекет системасындағы туысқандық ынтымағын жолға қоюға, нәсілдер мен ұлттардың тең праволылығы жөніндегі советтік идеологияның, халықтардың достығы мен туысқандығы идеологиясының біржолата орнығуына жеткізді.

Социализмнің жеңісі арқасында орыс, украин халықтарының және еліміздегі басқа халықтардың ғасырлық достығы қуатты, жеңілмес күшке, советтік қоғамның дамуының қозғаушы күштерінің біріне айналды.

Коммунистік партия сатқындар мен тізебүккіштерді— совет елін лениндік жолдан тайдыруға, социалистік Отанымыздың халықтарының бірлігі мен достығын бұзуға, сөйтіп, ССРО-да капитализмді қайта тудыруға тырысқан троцкийшілдерді, бухариншілдерді, буржуазиялық ұлтшылдарды және совет халқының тағы басқа жауларын талқандады.

Совет өкметінің жағдайында ескі, буржуазиялық ұлттардың негізінде жаңа, социалистік ұлттар қалыптасып, пролетарлық интернационализм туы астында ойдағыдай өркендеуде, бұл ұлттар буржуазиялық ұлттарды жегідей жейтін ымырасыз таптық қайшылықтардан құтылған нағыз жалпыхалықтық және тығыз топтасқан ұлттар болып саналады.

Жұмысшы табы мен оның Коммунистік партиясы бұл ұлттардың одағын нығайтып, оларға басшылық етіп отыратын күш болып табылады.

ССРО-да социализмнің жеңісіне жетуде көп ұлтты советтік мемлекетіміздегі барлық тең праволы ұлттардың арасындағы жетекші ұлт —ұлы орыс халқы шешуші роль атқарды.

Советтік қоғам құрылысы украин халқына оның мемлекеттілігін, экономикасын және мәдениетін өркендетудің жолын ашты.

Коммунистік партия ту көтерді, ол тұдың астында украин халқының күштерінің гүлденуі, Советтік Украинаның күштерінің гүлденуі басталды. Коммунистік партия мен оның Орталық Комитеті, ССРО укметі Советтік Украинаның халық шаруашылығының өркендеуіне үнемі және талмай қамқорлық жасап келді және жасауда.

18. Социалистік индустрияландыру саясатын жүзеге асыра отырып, совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен тарихи қысқа мерзім ішінде алдыңғы қатарлы қуатты социалистік өнеркәсіп жасады, ол бүкіл халық шаруашылығын социалистік негізде қайта құрудың шешуші шарты болды.

[illegible] мысы аяқталды, мәдениет құрылысы кең өріс алуда. Совет өкметі тұсында украинның ең ескі қалаларының бірі — Львовтың бейнесі мүлде өзгерді; онда ірі-ірі өнеркәсін орындары салынған, 12 жоғары оқу орны, Украин ССР Ғылым академиясының филиалы, В. И. Ленин музейінің филиалы және басқа көптеген ғылми және мәдени мекемелер ашылған. Батыс облыстарда социалистік өзгерістердің барысында украин буржуазиялық -ұлтшылдардың — украин халқының шетел буржуазиясының сатылғыш агенттеріне айналған ең зұлым жауларының қалдықтарына қыйрата соққы берілді.

Украин халқының біртұтас Украин Советтік мемлекетіне қайта қосылуының тарихи процесінің аяқталуы Коммунистік партияның лениндік -сталиндік ұлт саясатының ССРО халықтарының туысқандығы мен ынтымағы саясатының аса көрнекті жеңісі болды.

20. Совет Одағының Ұлы Отан соғысы социалистік құрылыс пен советтік көп ұлтты мемлекеттің өмірге бейімділігі мен күшіне елеулі сын болды.

Совет Одағының барлық халықтары партияның шақыруымен өз Отанын қорғауға бір кісідей аттанды, олар неміс-фашист басқыншыларына қарсы Отан соғысын барлық ұлттардың еңбекшілерінің ортақ ісі деп білді.

Украина герман фашизмінің шапқыншылығы жылдарында Совет Одағының басқалардан гөрі күйзеліске ұшыраған аудандарына жатады. Неміс- фашист басқыншылары Украинаның халық шаруашылығына 285 миллиард сомнан аса зиян келтірді. Неміс-фашист айуандар қатал террор жүргізу арқылы украин халқын бағындыруға, оны «неміс-фашистік мырзалар нәсілінің» құлдығына түсіруге тырысты. Украинның буржуазиялық ұлтшылдары неміс -фашистеріне белсене көмектесті.

Ұлы орыс халқының және ССРО-дағы басқа халықтардың туысқандық көмегі арқасында ғана Украина фашистік тепкіден құтқарылды.

Украин халқы Отан соғысы дәуірінде ССРО-ның басқа халықтарымен бірге майданда болсын, сол сияқты жау басып алған жерлерде болсын неміс-фашист басқыншылары мен олардың жалдамаларына қарсы жаңқыярлықпен күрес жүргізді, жау басып алған жерлерде жаппай партизандық қозғалыс өріс алып, көптеген батырлар шықты. Астыртын жұмыс жүргізудің қыйын және ауыр жағдайларында партия және комсомол ұйымдары үнемі жұмыс жүргізіп отырды.

Отан соғысының барысында совет халықтарының мызғымас достығы сұрапыл сындардан өтіп, бұрынғыдан да шыңдала түсті.

Дүниежүзілік екінші соғыста герман фашизмі мен жапон империализмнің талқандалуы нәтижесінде халықтық демократиялық мемлекеттер құрылып, Совет Одағы бастаған бейбітшілік, демократия және социализм лагері өсіп, нығайды. Украин ССР-і Біріккен Ұлттар Ұйымын құрушылардың бірі болып, онда Белорус ССР-мен, бүкіл Совет Одағының және халықтық демократия елдерінің өкілдерімен бірге бейбітшілік ісін тыянақтылықпен қорғауда, барлық елдердің халықтары арасындағы ынтымақты нығайту үшін күресуде. Советтік Украина халықтық демократия елдерімен туысқандық байланысты үнемі нығайтып отырады. Польшада халықтық демократия құрылысы орнап, поляк еңбекшілерія өзінің славяндық бауырларына —орыстарға, украиндарға және белорустарға қарсы айдап салған буржуазия мен шляхталардың үстемдігі жойылғаннан кейін, поляк халқы мен украин, белорус, орыс және Ұлы Совет Одағының басқа халықтары арасында нағыз достық қарым-қатынас туып, ойдағыдай өркендеуде.

21. Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін Коммунистік партия дем берген және ұйымдастырған Совет Одағының халықтары бұрын болып көрмеген қыска мерзім ішінде қыйраған халық шаруашылығын қалпына келтіріп, советтік экономиканың, техниканың және мәдениеттің барлық салаларын алға бастырды.

Советтік Украинаның еңбекшілері Украина Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің және УССР Укметінің басшылығымен, орыс халқының және еліміздің басқа халықтарының туысқандық көмегіне сүйене отырып, республиканың халық шаруашылығын түгел қалпына келтірді, көп жағдайда соғыстан бұрынғы дәрежесінен асып түсті, сөйлындағы күресінің табыстарын зор мақтаныш сезімімен және үмітпен қадағалап отырады.

ССРО-дағы коммунистік құрылыстың табыстары бүкіл дүние жүзінің халықтарына тек социализм ғана еркін және бақытты өмір сүруді барлық халықтар мен ұлттардың өркендеуі мен дамуын, халықтардың нағыз достығын, олардың ынтымағын және өзара көмегін қамтамасыз ете алатындығын көрсетеді.

Совет Одағы ұлт мәселесі адамзат тарихында алғашқы рет шешілген елдің дем берушісі ұлгісін көрсетіп отырады.

* * *

Тамаша тарихи датаны — Украинаның Россияға қайта қосылуының 300 жылдығын—Совет Одағының барлық халықтары коммунизм орнату жолындағы жаңа көрнекті табыстарға жетумен қарсы алуда.

Коммунистік партияның басшылығымен совет адамдары еліміздi коммунизм жолымен өркендете берудің СОКП XIX съезі белгілеген программасын жүзеге асыру үшін ерлікпен күресуде. Партия мен укмет еңбекшілердің үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени талаптарын толық дәрежеде қанағаттандыру үшін неғұрлым көп күш жұмсауда.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы социалистік ауыл шаруашылығын өркендете берудің, еңбекшілердің материалдық тұрмыс жағдайын жақсартудың жауынгерлік программасын белгілеп берді. Коммунистік партия ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетіп, жеңіл және тамақ өнеркәсібін тез қарқынмен дамыту үшін, сөйтіп, таяудағы екі—үш жылдың ішінде еліміздің халықтарының азық-түлік өнімдері жөніндегі өскелең талаптарын жете қанағаттандыру, жеңіл және тамақ өнеркәсібін шикізатпен қамтамасыз ету жолындағы күресті кең өріс тетті. Партиямыз бен Совет укметіміздің бүкіл қызметі өмірдің барлық игілігін жасаушы және тарихтың нағыз тұдырушысы болып табылатын халыққа, жұмысшылар мен шаруалардың творчестволық күштеріне шексіз сенуге негізделеді.

Советтік Социалистік мемлекет коммунизм орнатудың басты құралы болып табылады. Коммунистік партия Совет мемлекетін, оның қуаттылығы мен қорғаныс қабілетін нығайта беруге, жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың одағын, ССРО халықтарының достығы мен социалистік ынтымағын нығайтуға үнемі қамқорлық жасап отырады.

Біздің қасиетті міндетіміз — совет елі халықтарының бірлігі мен достығын нығайта беруді қамтамасыз ету, Советтік көп ұлтты мемлекетті нығайту. Еліміздің халықтарының достығы тұрғанда бізге ешқандай ішкі және сыртқы жауларда қорқынышты емес. Батыс империалистерінің ССРО халықтары арасында араздық тұғызуға, көп ұлтты социалистік мемлекетіміздің қуаттылығын бұлдіруге тырысқан зұлымдық әрекеттерінің бәрі іске аспай келді және бұдан былай да сәтсіздікке ұшырай береді. Бірақ, совет адамдары капиталистік қоршау бар тұрғанда, империалистік мемлекеттердің бұдан былай да бізге шпиондарын, диверсанттарын жіберіп отыратындығын, талқандалған жауыздық топтардың қалдықтарын советке қарсы мақсаттарға пайдалануға, буржуазиялық ұлтшыл элементтерді жандандыруға, жеке адамдардың санасындағы ұлтшылдық сөқыр сенімдерді тірілтіп, оларды ССРО халықтарының достығын бұлдіру үшін пайдалануға тырысатындығын жақсы біледі.

Империалистік жыртқыштар мен олардың агенттері — әр алуан кескіндегі буржуазиялық ұлтшылдар мен басқа түрлі сатқындардың тіміскі әрекеттеріне қарсы қырағылықты күшейту —Советтік Социалистік Республикаларымыздың және бүкіл ұлы Отанымыздың табыстарға жетуінің және гүлдене беруінің аса маңызды шарттарының бірі.

ССРО-да коммунистік құрылыстың табыстары, халықтар достығы идеологиясының салтанат құруы бүкіл дүние жүзіндегі халықтарды өздерінің капитал тепкісінен құтылу, барлық халықтар арасында достық, бейбітшілдік қарым-қатынасты орнату жолындағы күреске жігерлендіреді.

Ұлы Отанымыздың күші мен қуатының қайнар бұлағы— ССРО халықтарының мызғымас достығы мәңгі жасап, нығая берсін!

Маркстің —Энгельстің —Ленинніңнің —Сталиннің туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен коммунизмнің жеңісіне қарай алға басайық!

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы

Бұдан 300 жыл бұрын 1654 жылы 8 (18) январьда Переяслав Радасының бірауыздан ерік білдіруімен украин халқы өзінің тағдырын туысқан орыс халқымен мәңгіге біріктірді. Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы — аса көрнекті тарихи оқыйға, украин халқы мен орыс халқының және Совет Одағының барлық халықтарының үлкен ұлттық мерекесі.

Украинаның Россиямен қайта қосылуы туысқан екі халықтың бұдан бұрынғы тарихи дамуының заңды нәтижесі болды. Бұл даңқты оқыйға украин халқының шетелдік құлданушыларға қарсы —орыс халқының біртұтас Россия мемлекетінде бірігуі жолында ғасырлар бойы жүргізген күресінің аяқталуы болды.

Украинаның Россиямен қайта қосылуы украин және орыс халықтарының түбірлі тұрмыстық мүдделеріне сай келді, «өйткені, тілі жөнінен де, мекені жөнінен де, мінез-құлқы жөнінен де, тарихы жөнінен де бұлар соншалық жақын» (В. И Ленин, Шығармалар, 25-том, 74 бет).

Украин халқы өзінің қаны бір бауыры орыс халқымен тағдырын мәңгі байланыстырып, өзін ұлт ретінде құтқарып қалды және сақтады. Өйткені, ол орыс халқын әрқашан өзінің сенімді одақтасы және қорғаушысы деп білді. Шығыс славяндары тұқымының үш тармағы — орыстар, украиндар мен белорустар Европаның ең үлкен және мәдениетті мемлекеттерінің бірі болған Киев Русін бұдан бір мың жыл бұрын құрған ең ерте замандағы орыс халқының бірыңғай тамырынан шыққан.

Ерте замандағы орыс мемлекетінің феодалдық княздіктер мен облыстарға бөлшектенін бөлінуі олардың экономикалық және саяси тұрмысының бірте- бірте әлсіреуіне апарып соқты және сонымен қабат, орыс, украин, белорусс халықтарының мәдениетінде, тілінде, тұрмысында сыйпатты ерекшеліктердің өсіп-жетілуімен қосарлана жүрді. XIII ғасырда болған монғол -татар шапқыншылығы, Русьті әлсіретіп ерте заманғы орыс халқының жеке бөлімдерін бұрынғыдан бетер оқшаулай түсті. Украин және Белорусс жерлері поляк- литван феодалдарының қол астына түсті және өздерінің мемлекеттігінен айырылып қалды.

Алайда, туысқан славян халықтарының бауырластық берік бірлестігін ешқандай қыйыншылық пен ауыртпалық үзе алған жоқ. Өздерінің сезімінің бір екендігін, өздерінің тілі мен мәдениетінің жақындығын орыс, украин және белорусс халықтары аман сақтап, талай ғасырлардан аман алып өтті.

XIV —XVI ғасырларда орыс халқы татар- түрік шапқыншылығына қарсы күресте феодалдық бытырандылықты жойып, астанасы Москва болған бір орталықтандырылған мемлекет құрып, тәуелсіздігін қорғаған. Украинаның Россиямен қайта қосылуының украин және орыс халықтарының онан әрі саяси, экономикалық және мәдени жағынан өркендеуі үшін орасан зор прогрестік маңызы болды. Царизмнің, орыс және украин феодалдары мен буржуазиясының реакциялық саясатына қарамастан, Россиямен украина халықтарының ғасырлар бойы келе жатқан айырылмас достығы олардың ортақ езушілеріне және барлық сыртқы жаулаға қарсы бірлескен күресінде бұрынғыдан бетер нығая түсті.

Украин халқы өзінің бұдан кейінгі бүкіл тарихының ең бойында әрқашан орыс халқының сенімді досы және одақтасы болып отырды. Украин шаруалары мен казактары Разин мен Пугачев жетекшілік еткен орыс шаруаларының феодализмге қарсы қозғалысын белсене қолдады. Орыс халқы өз жағынан украин шаруаларының помещиктік езушілікке қарсы көтерілісін шын жүректен қолдап, туысқандық көмек көрсетті. Бұл күрестің барысында украин халқы өзінің ортасынан Максим Зализняк, Иван Гонта, Устим Кармалюк және басқалары сияқты аса көрнекті халық жетекшілерін өсіріп шығарды. Орыс, украин және белорусс шаруаларының бірлескен күресі Россияда патша үкметінің 1861 жылы крепостнойлық правоның жойылуын тездетуге мәжбүр етті.

Орыс халқымен бірге украин халқы XVIII ғасырдың басында Карл XII-ші әскерлерінің және 1812 жылы Наполеон армиясының шапқыншылығына қаһармандықпен қарсылық көрсетті. Жаулардың ешқандай айла-әрекеттері украин халқы мен орыс халқының арасындағы бауырмалдық және достық байланыстарды бұза алмады.

XIX ғасырда орыс халқының кемеңгер ұлдары Белинский мен Герцен, Добролюбов пен Чернышевский царизм мен крепостнойлыққа қарсы, орыс емес халықтарды ұлттық және отарлық езушілікке қарсы батыл қарсы шықты. Олар украин халқын шын жүректен жақсы көрді, оған тілектестік білдірді, оның азаттық күресін қолдады. Олар Украинада революциялық идеологияның дамуына үлкен ықпал жасады. Украин халқының кемеңгер ұлы Тарас Григорьевич Шевченко орыстың революциялық қозғалысының қуатты және итілікті ықпалымен ақын, ойшыл, революционер болып қалыптасты. Орыстың алдыңғы қатарлы адамдары Шевченконы крепостнойлық еріксіздіктен құтқарып алды, оның білім алуына көмектесті, оны патшаның құғын-сүргінінен аянбай қорғады.

Шевченко самодержавиеге қарсы бірлескен күресте Чернышевский мен Добролюбовтың сенімді серігі болды. Ол орыстың революционер демократтарымен бірге халықтық шаруа революциясының тамаша мәдениет қайраткерлерін берді.

Россияның капитализм дәуіріне енуімен бірге, Великороссия сияқты, Украинада да ең алдыңғы қатарлы, революциялық тап пролетариат тез өсе бастады, бұл тап халық бұқарасының самодержавиеге қарсы күресін бастады. Орыс жұмысшы табы Россияның барлық халықтарының азаттық қозғалысының гегемоны болды. Украин пролетариаты орыс жұмысшы табының сенімді одақтасы болып бас көтерді. XIX ғасырдың 90-шы жылдарында Россиялық жұмысшы табының басшылығына кемеңгер Ленин келді.

Украинада революциялық жұмысшы қозғалысының өркендеуі үшін лениндік «Искра» газетінің үлкен маңызы болды, өйткені, бұл газет украин пролетариатының қозғалысына көп көңіл бөліп отырды.

Жаңа тұрпаттағы маркстік партия құрылуы біздің еліміздің барлық халықтарының тарихи тағдырларындағы бетбұрыс кезеңі болды. Коммунистік партияның негізін қалаған В. И. Ленин партияның идеялық -ұйымдық, тактикалық және теориялық негіздерін белгілеп берді, маркстік партия құрудың интернационалдық принципін қорғады.

Коммунистік партия Россияның әртүрлі халықтарының, соның ішінде, революциялық жұмысшыларын біріктіруші жалпыроссиялық пролетарлық партия болып құрылды. Коммунистік партия өзінің құрылған күнінен бастап біздің еліміздің барлық езілген халықтарының мүдделеріне сай келетін өте маңызды талапты алға қойды, яғный ұлттардың өзін-өзі билеу правосын тану талабын алға қойды. Коммунистік партия бұқараны біздің еліміздің барлық ұлттарының жұмысшыларының таптық ынтымақтастығы рухында пролетарлық интернационализм мен халықтар достығы идеологиясы рухында тәрбиеледі.

1905 —1907 жылдары болған революция кезінде Украинаның пролетариаты орыс жұмысшыларымен бірлесіп самодержавие мен феодализмге қарсы күреске аттанды. Орыс жұмысшы табымен одақтасқан күнде ғана, Россияның барлық халықтарының еңбекшілерімен бірлесіп күрескенде ғана, большевиктердің басшылығымен ғана самодержавиені жеңуге болатындығын, украин халқының өзінің ұлттық және әлеуметтік азаттығына жете алатындығын революция украин еңбекшілеріне айқын көрсетті.

Россия пролетариатының революциялық күресін бастай отырып, Коммунистік партия ұлттық мәселе жөнінде ғылми жағынан негізделген бірден- бір дұрыс программа жасап шығарды. Партия біздің еліміздің барлық халықтарын царизм мен буржуазияны құлатуға, пролетариат диктатурасын орнатуға бастады.

Украинаны Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы

Украинаны Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы

Украинаны Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы

орнатты. Сол уақыттың өзінде поляк шонжарлары басып алған украин жерлерінде поляк феодалдарының аяусыз озбырлығының тәртібі орнады, әлеуметтік және ұлттық мейірімсіз езушілік тәртібі орнады. Украин жерін татар- түрік хандарының шапқыншылығы күйзелтіп, ойрандады. Украин феодалдары Украинаның ұлттық мүдделерін сатып кетті және поляк шляхтасының украин халқының мойнына бұрынғыдан бетер бұғау салуына көмектесе түсті. Біртұтас Россия мемлекетінде туысқан орыс халқымен қайтадан қосылу украин халқы үшін не тіршілік ету, не өлу мәселесіне айналды.

1648 — 1654 жылдардағы азаттық қозғалысын украин халқының даңқты ұлы, аса көрнекті мемлекет қайраткері және қолбасшы Богдан Хмельницкий басқарды. Хмельницкийдің тарихи еңбегі сол —ол украин халқының орыс халқымен тығыз одақтасуға ұмтылған талабын білдіре отырып және украин мемлекетінің қалыптасу процесін басқара отырып, оның міндеттері мен перспективаларын дұрыс түсінді, украин халқын құтқару жолы ұлы орыс халқымен бірігуінде деп білді.

Бұл соғыс бүкіл украин халқының поляк шляхта езушілігіне қарсы, біртұтас мемлекетте туысқан орыс халқымен қайта бірігу жолындағы әділетті соғыс болды.

Азаттық соғысының басты және шешуші күші болған шаруалармен бірге қаланың төменгі топтары мен казактар да бас көтерді. 1648—1654 жылдардағы соғысқа Белоруссияның шаруалары, Дон казактары және орыстың бұрынғы жауынгер азаматтары қатысты.

Соғыстың барысында украин және белорусс халықтары өздерінің арасынан Богун, Кривонос, Нечай, Гаркуша, Небаба, Кривошапка сияқты және басқалары сияқты дарынды әскер басшыларын, халық жетекшілерін өсіріп шығарды. Украин халқының азаттық қозғалысының ықпалымен бұрқ ете түскен поляк шаруаларының феодалдыққа қарсы көтерілістері украин халқының күресімен бірыңғай қуатты тасқынға ұласты.

Бұл күресте украин халқы адам айтқысыз ерлік пен табандылық, аса үлкен әскери өнер көрсетті. Алайда, орыс халқының жәрдемінсіз украин халқы Украинаны өз күшімен құлдықтан құтқара алмады. Украин халқының үмітті мен тілегін білдіре отырып, Хмельницкий соғыс басталғаннан- ақ Россияның жәрдем көрсетуі және Украинаны Россияның құрамына қосу туралы өтініш беріп отырды.

1654 жылы 8 (18) январьда Переяславта болған халықтық Рада салтанатты жағдайда өзінің тарихи қарарын қабылдады. Украин және орыс халықтарының біріккен күштері соғысты жеңімпаздықпен аяқтады. Украинаның негізгі бөлегі және Киев қаласы Россия мемлекетінің құрамына кірді.

* * *

Россияны патша мен помещиктер басқыны кетерді. Шевченко еркін бақытты, ұлы Отан болуын, бұл Отанда барлық халықтардың бауырлас, біртұтас, дос семья болуын арман етті.

Украинаның Россиямен біртұтас мемлекетке қайта қосылуы туысқан екі халықтың мәдениеті дамуына көмектесті. Алдыңғы қатарлы орыс адамдары XVIII—XIX ғасырлардағы украин ғылымы мен мәдениетінің ең жақсы өкілдерін жоғары бағалап, барынша қолдап келді. Украин және орыс ғалымдарының тығыз ынтымақтастығы дүниежүзілік мәдениетте күрметті орын алған туысқан екі халықтың ғылымы мен мәдениеті жоғары дәрежеге жетуін қамтамасыз етті. Әсресе, әдебиет пен искусствоның өзара ықпал етуі ағілікті жемісін берді. Орыс әдебиеті украин халқының көркемдік жағынан өркендеуіне күшті ықпал жасады, орыс әдебиеті украин халқының орыс халқына тигізген әсері сияқты адамгершілік сезімін, қандай да болса езушілік пен зорлаушылыққа өшпенділік сезімін, халықтардың туысқандық сезімін және адамзаттың сәулетті болашағына өшпес сенім білдіру сезімін көрсетіп отырды.

Украин халқы дүние жүзіне жазушы Т. Шевченко, М. Вовчок (М. Маркович), И. Франко, М. Коцюбинский, Леся Украинка, композитор Н. Лысенко, драматург М. Кропивницкий, артистер П. Саксаганский, М. Заньковецкая және басқалары сияқты ұлы Отан болуын, бұл Отанда барлық халықтардың бауырлас, біртұтас, дос семья болуын арман етті.

* * *

1917 жылы октябрьде Россияның жұмысшы табы кедей шаруалармен одақтаса отырып, Ұлы Октябрь социалистік революциясын жасады. Советтік революцияның жеңісі Россия халықтарының өмірінде түбірлі төңкеріс жасады, адамзаттың тарихында жаңа заманның басы болды — капитализмнің күйреуі және социализмнің салтанат құруы заманының басы болды. Октябрь революциясы біздің Отанымызды шетел капиталының құл етуінен құтқарып қалды, Россияның барлық халықтарына әлеуметтік және ұлттық езушіліктен азаттық әперді, олардың экономикалық және мәдениет жағынан гүлденіп көркеюіне жол ашты.

«Орыс халқынан кейін іле-шала,—деді, В. М. Молотов жолдас,—украин халқы осы жолға бірінші болып түсті. Мұндағы тарихи ерекшелік Совет жолына түсіп, украин халқы, сайып келгенде, өзінің ұлттық Украин мемлекетін орнатып, осымен жаңа, шын мәнісінде өз тарихының даңқты заманын бастап, ғасырлар бойы көксеген арманын жүзеге асырды». («Правда», 1948 жыл, 25 январь).

1917 жылы ноябрьде Совет Үкметі «Россия халықтары праволарының декларациясын» жариялады, онда Россияның барлық ұлттарының азат екендігі, халықтар арасында еркін одақтастық саясаты жүзеге асырылатындығы жарияланды. Советтік Социалистік Республикалар Одағының құрылуы еліміздің халықтарының тарихындағы аса маңызды кезең болды, мұның өзі лениндік- сталиндік ұлт саясатының ұлы жеңісі еді. Социализм жеңгеннен кейін ССРО халықтарының достығы советтік қоғамды дамытудың аса зор қозғаушы күштерінің біріне, біздің социалистік мемлекетіміздің қуаттылығы мен жеңілмейтіндігінің негізіне айналды.

Совет халықтарының туысқандық достығы, ұлы орыс халқының және еліміздің басқа халықтарының көмегі арқасында украин халқы өте қысқа мерзім ішінде шаруашылық және мәдениет құрылысында тамаша табыстарға жетті. Халқының саны мен экономикалық қуаты жағынан РСФСР-ден кейін екінші одақтас республика —Украин ССР-і қуатты индустриялы- колхозды социалистік республикаға айналды.

Совет өкметі жылдарында Украинада алып өнеркәсіп орындары —Днепр су электр станциясы. Харьков трактор заводы, Ново- Краматорск машина жасау заводы, «Запорожсталь», «Азовсталь» және басқа көптеген кәсіпорындар салынды. Украинада орасан зор құрылыстарды жүзеге асыру тек ұлы орыс халқының және еліміздің басқа халықтарының зор көмегі нәтижесінде, украин жұмысшы табының орасан зор еңбек өрлеуі арқасында ғана мүмкін болды. Украинада, Донбасте алды.

Орыс және украин халықтарының талай ғасырлардан бергі достығы Ұлы Отан соғысының от-жалынында бұрынғыдан анағұрлым нығайып, шыныққты. Бұл соғыста украин халқының үлесіне ауыр сындар тиді. Неміс- фашист басқыншылары Совет Одағына сұрқылықпен шабуыл жасап, Украинаны уақытша оккупациялап алды. Онда қанкүйлы фашистік тәртіп орнатты. Украин халқының қажырлы, жемісті еңбегімен жасаған байлықтарын гитлершіл шапқыншылар тағылықпен талқандап, аяусыз тонады. Заводтар, колхоздар, шахталар, мәдениеттің асыл қазналары құртылды. Фашист басқыншылар алып кетуге болатын нәрсенің бәрін Германияға алып кетті.

Бірақ, Гитлер бостандық сүйгіш украин халқын тізе бүктіре алмады. Украинаның еңбекшілері Коммунистік партияның басшылығымен біркісідей болып, шетелдік басқыншыларға қарсы қасиетті соғысқа аттанды. Миллиондаған украиндар Совет Армиясының қатарында орыс халқымен және Совет Одағының басқа халықтарымен бірге жауға қарсы ерлікпен шайқасты. Жаудың тылында бұқаралық партизан қозғалысы өрістеп, бұл қозғалыс дұшпанның адам күштеріне, оның коммуникацияларына елеулі соққылар берді. Украин халқы жауға қарсы ерлік, қаһармандық күрес жүргізіп, өзінің моральдық -саяси бірлігінің жоғары екендігін көрсетіп, коммунистік құрылыстың аса зор міндеттерін жүзеге асыру үшін жанаямай күресуде.

Соғыстан кейінгі жылдарда Украина мәдениеті де қарыштап алға басып келеді. Украинада 30 мыңға жуық мектеп бар, бұларда 6,5 миллионнан аса балалар оқыйды. Жоғарғы мектеп өсіп, өркендеуде. 1913 жылы Украинада небары 19 жоғары оқу орны болып, онда 26,7 мың студент ғана оқыған еді. Қазір республикада 150-ден аса жоғары оқу орны мен 550 ден аса техникум бар, бұларда жүздеген мың студенттер оқуда. Республиканың жоғары оқу орындары мен техникумдары 1953 жылдың өзінде ғана 76 мың жас мамандар даярлап шығарды. Украин ССР-інде 74 театр және басқа 65 творчестволық коллектив, 28 мыңға жуық мәдениет үйлері мен клубтар, 84 музей, 30 мыңнан аса көпшілік кітапханалар жұмыс істейді, 1.150 -ден аса газеттер шығады. Украин жазушылары, суретшілері, композиторлары өз халқына, Советтік Социалистік заманымызға лайықты тамаша шығармалар жасауда.

Украин халқының ұлы орыс халқымен, еліміздің барлық халықтарымен туысқандық достығы артып, нығайып келеді. Украин халқы өзінің ағасы —орыс халқына сүйсініп, алғыс айтқан терең сезімін 1945 жылғы 30 июньдегі хатында айқын білдірді:

«Саған, біздің туған ағамыз, ұлы орыс халқы,—делінген хатта, —еркін украин халқы өзінің сүйіспеншілігін, берілгендігін және шын жүректен алғыс айтатынын білдірген сөздерін өзі сайлаған өкілдері —Украин Советтік Социалистік Республикасы Жоғарғы Советінің депутаттары арқылы жолдайды.

...Украин халқының қайта қосылу, бостандық және ұлттық тәуелсіздік жайындағы талай ғасырлардан бергі арманын жүзеге асыруға көмектескендігі үшін Украин халқы саған, орыс халқы алғыс айтады».

Украин халқы өзінің орыс халқымен мәңгі мызғымайтын достығын мақтан етеді. «Ұлы орыс халқымен достықта болу, —деді Н. С. Хрущев жолдас. —капиталистік құлдықты құрту үшін халықтардың ең прогрессіл қозғалысының бірінші қатарында болу деген сөз. Ұлы орыс халқымен достық —бұл прогресс жолымен, коммунизмге жету жолымен жеңімпаздықпен алға баса беру деген сөз». («Правда», 25 январь, 1948 жыл).

Украинаның Россиямен қайта қосылуының даңқты 300 жылдығын мерекелей отырып, орыс, украин халықтары және біздің ұлы Совет Одағының басқа халықтары өздерінің мызғымас қуатымен көркейе берулерінің кепілі —халықтар достығының туын бұрынғыдан да жоғары көтеріп, өзінің Коммунистік партиясы мен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтаса түсуде.

П. ЕПИФАНОВ.
И. ФЕДОСОВ.

Сталиндік сыйлықтың лауреаты, суретші **М. И. Хмельконың** 1952 жылы салған «Москвамен мәңгі біргеміз, орыс халқымен мәңгі біргеміз» деген картинасы. **(СОТА-ның фотохроникасы).**

Редактордың орынбасары
Г. НҰРМОЛДИН.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі— 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы —4-39. Газет баспасы —5-53, газет дабыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00474. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.